

ЛЕНИН ТУУЫ

ККП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІң, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫң
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІң және ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

№ 202 (9520) || 1954 жылғы 10 октябрь Жексенбі || Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

Қысқы спорт маусымына үлгілі әзірленейік

Маңғы спорт маусымы аяқталып келеді. Көзір облысымыздың спорт қоғамдары қысқы спорт маусымына әзірленуде. Көптеген спортшыларымыз облыстық, республикалық және Бүкілодақтық спорт жарысына қатысып, өздерінің тамаша спорт шеберліктерін көрсетті. Жеңіл атлетикадан, ядро лақтырудан, спорттың және басқа түрлерінен бұрынғы аудандық, облыстық рекордтар жаңартылды.

Физкультура адамдарымызға коммунистік тәрбие берудің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Ол еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудің, олардың денсаулығын жақсартудың халқымызды тәрбиесіз еңбекке, социалистік Отанымызды қорғауға даяраудың маңызды құралы болып саналады.

Коммунистік партия мен Совет Үкіметі совет халқының алғауақы мен мәдени-тұрмысының жақсаруына күнделік көңіл бөліп келеді. Біздің елімізде олардың мәдениетті тынығуына, дене қуаты мен рухани жағынан өсуіне қажетті барлық жағдайлар жасалған. Мемлекетіміз жыл сайын спорттық құрылыстар—стадиондар мен алаңдар, су станцияларын салуға, спорт жабықтарына алуға көптеген қаржы бөледі. Оған тек біздің облысымыздың өзінде салынған кейбір спорт құрылыстарының өзінше толық дәлел бола алады.

Партияның шақыруы бойынша біздің облысымызға 10 мыңға жуық комсомолдар мен жастар келді. Бұрын адам мекемеленген жерлерде 12 астық совхозы құрылды. Бұл совхоздарда басқа құрылыстармен бірге спорт алаңдары, жүгіру жолдары және спорт залдары салынып, пайдалануға берілуде.

Физкультура мен спорт барған сайын халқымыздың тұрмысына кеңінен енгізілуде. Қала спортшыларымен бірге ауыл-село спортшыларының саны да жыл сайын көбейіп келеді. Бұл күндері облысымыздың барлық колхоздарында «Колхозшы» ерікті спорт қоғамдары жұмыс істейді. Жас колхозшылар спорт сессияларына және басқа спорт сайыстарына, селолық спортқаидаларға қатысып, өздерінің спорт шеберліктерін арттыруда.

Жаңа ұйымдастырылған совхоздарда да төменгі физкультура коллективтері құрылды. Олар жас Петропавл ауданының

коллективтерінің қысқа үлгілі әзірленуін қамтамасыз етуге болады.

Мұндай маңызды міндетті жете түсінген ерікті спорт қозғалысы қысқы маусымға әзірленуде бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Мысалға «Локомотив» ерікті спорт қоғамын алайық. Мұнда көздің өзінде 200 пар конький, 160 пар шаңғы және шаңғы ботинкалары әзір етілді. Мұнымен бірге, шаңғы, конький және басқа секциялар жұмыс істейді. Оған көптеген теміржолшылар қатысып жүр. Секцияны басқаруға тәжірибелі тренерлер тартылған. Сол сияқты, «Пищевик», «Спартак» ерікті спорт қоғамдары да қысқа әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде.

Дегенмен, кейбір ерікті спорт қоғамдары мен физкультура коллективтері қысқы спорт маусымына әзірлік жұмыстарын тезісіз ұзаққа созуда. Мұның негізгі себебі—комсомол, колхоздақ комитеттерінің физкультура және спортқа жеткілікті көңіл бөлмеуінен, ерікті спорт қоғамдары мен физкультура коллективтерінің басшыларынан қысқа әзірлік жұмыстарын тездетуді талап етпеуінен туып отыр.

Облысымыздағы ең ірі спорт қоғамдарының бірі—«Энергия» ерікті спорт қоғамы қысқы спорт маусымына әзірлікке әлі кіріскен жоқ. Мұнда шаңғы мен конький және басқа спорт жабықтары жөндеу, секциялардың жұмыс істеуін ұйымдастыру қолға алынбаған. Киров атындағы заводтың кәсіподақ ұйымының председатели Балабанов, қоғамның нұсқаушысы Баранов, «Энергия» стадионының директоры Шабанов жолдастар қысқы спорт маусымына әзірлік жұмыстарын үлгілі ұйымдастыруды қамтамасыз ете алмай, болмағанын желеулерді бетке ұстап, дәрменсіздікке салынуда. «Труд», «Буревестник» ерікті спорт қоғамдарындағы жағдай да дәл осындай.

Облысымыздың ауыл-селоларында физкультура мен спортты дамытуда да үлкен кемшіліктер бар. Ауылдық селолық жерлерде кейбір партия, совет және кәсіподақ, комсомол ұйымдары спорт жұмыстарына жеткілікті көңіл бөлмейді. Жас колхозшыларды «Колхозшы» ерікті спорт

Октябрь мерекесі алдындағы жарыс

Өнім сапасы жақсаруда

Петропавлдағы сыра-сусын заводы республикамыздағы өнімді көп берумен бірге, жоғары сапалы өнім шығаратын заводтардың бірі.

Завод коллективі өздерінің өндірген жоғары сапалы сыра-сусындарымен қала жұртшылығын қамтамасыз етумен қатар, облысымыздың егіншілері мен механизаторларына, сондай-ақ, көмірлі Қарағандының шахтерлеріне, Ақмола, Көкшетау облыстарының еңбекшілеріне үздіксіз жіберіп тұрады.

Бұл күндері заводтың жұмысшылары мен бригадалары Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұш-таса отырып, еңбек өнімділігін барған сайын арттыруға жетісіп келеді. Мысалы, үстіміздегі жылдың өткен 9 айы ішінде завод бойынша 18 мың гекталитр сыра өндірілді. Ал, сусындарды жоспар бойынша 8100 гекталитр өндіруге тиісті болса, бұл көрсеткіш 4400 гекталитр артық орындалды. Сөйтіп, завод бойынша өндірістік жоспар 152 процент орындалды.

Өткен сентябрь айында заводта жоспар бойынша 457 мың сомның өнімін шығару белгіленген болатын. Ал, іс жүзінде 510 мың сомның мөлшерінде өнім шығарылды.

Бұл жұмыстарда заводтағы Михаил Гинс басқаратын «Мінсіз сапалы өнім шығаратын сыра қуы цехы» үнемі еңбек үлгісін көрсетіп, завод бойынша социалистік жарыста алда келеді. Ол цехтың азаттары Лысенко, Денисенко, Жумагельдина жолдастар соңғы айларда өндірістік жоспарды 200—250 проценттен асыра орындап, коллектив арасында зор абройға ие болып келеді. Сол сияқты, мұнда бірнеше жылдан бері еңбек ететін 70 жастағы қарт жұмысшы Кравцов жолдас та өзінің сменалық нормасын 135—150 проценттен кем орындап көрген емес.

Өткен жылда сыра қайнататын цехты ұлғайту мақсатымен жаңа құрылыс салу жұмысы басталған болатын. Бұл құрылыстың негізгі жұмыстары аяқталып келеді. Мұнда сыра қайнататын төрт қазан орнатылады. Мұның өзі өнім шығаруды бұрынғымен салыстырғанда екі есе арттыруға мүмкіндік береді. Сол сияқты,

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ОКТАБРЬ МЕРЕКЕСІ АЛДЫНДАҒЫ ЖАРЫС: М. Жарасов.—Өнім сапасы жақсаруда (1-бет).

ЗЯБЬ ЖЫРТУҒА ТЕХНИКА ҚУАТЫ ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНЫЛСЫН: И. Казанцев.—Егіннен мол және тұрақты өнім алудың негізі, Б. Жақыпов.—Зябь жыртуға көңіл бөлінбей отыр (1-бет).

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет). КОМСОМОЛ ТҮРМЫСЫ: Д. Әуелбеков. Комсомолдардың саяси оқуын ұйымдастыруға басшылықты жақсарту қажет. З. Садыров.—Бір ұйымның жұмысы туралы. В. Ғалиуллина.—Жастар еңбек өнімділігін арттыруда (2-бет). Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығына бай-

ланысты Берлинде болған бұқаралық митинг (2-бет).

И. Денисенко.—Арыс —Түркістан қаналы (3-бет).

Қ. Қайырбеков.—Жауынгерлер сөзі (3-бет).

Х. Рахматуллин.—Бұрынғы жауынгерлер жаңа совхоздарда (3-бет).

КИНО: Н. Омаров, М. Жұбанова.—Индия кинематографиясының зор табысы (3-бет).

Қазақстан мен Орта Азия республикаларының спартакиадасы (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Зябь жыртуға техника қуаты толық пайдаланылсын

★ Егіннен мол және тұрақты өнім алудың негізі ★

Жданов атындағы колхозда (Мамлют ауданы) жұмыс істейтін Интернационал МТС-нің механизаторлары жұмыстың барлық түрлерін сапалы жүргізу үшін күресіп келеді. Колхоздағы № 11 трактор бригадасы быйылғы жылдың жұмыс жоспарын кәзірдің өзінде толық орындап шықты. Бұл бригада ауыл шаруашылығы жұмыстарын кезеңді мерзімдерде толық және асыра орындау үшін коммунист Иван Харьковий жолдас басқаратын трактор бригадасымен жарысқа түскенді. Кәзіргі уақытта екі бригада арасында жарыс мейлінше қыза түсуде.

Егіннен мол өнім алудың бірден-бір негізі—зябьті көп жырту жолында бригаданың екеуі де елеулі табыстарға ие болуда. Колхозда кәзір 630 гектар зябь жыртылды. Енді екі бригаданың арқасына 110 гектар жер жырту керек. Бригадалар бұл жұмысты октябьдің 7—8 кездерінде аяқтап шығуға міндеттеніп, Интернационал МТС-нің барлық тракторшыларын

зябь жырту жұмысын осы мерзімде бітіруге жарысқа шақырып отыр.

Зябь жырту жұмысында «ДТ—54» тракторын жүргізуші коммунист Иван Вадманкин жолдас жақсы көрсеткішке жетуде. Ол смена сайын жер жырту нормасын үнемі 120—130 процент орындап келеді.

Колхоздағы екі трактор бригадасының да жұмыстаған жерлері жоғары агротехникалық сапада қабылдануда. Трактормен жұмысталған жердің сапасының жоғары болуына агроном Федор Никулшин жолдас үнемі бақылау жасап келеді.

Бригада быйылғы жылы пар жырту науқаны кезінде Мальцев әдісі бойынша 120 гектарлық тың жерді қайырмасыз плугпен жыртып. Кәзір алдағы көктем егесінде көптеген участоктерде Мальцев әдісін кеңінен қолдану мақсатымен 100 гектар аңыз сыдыра жыртылып, күнбұрын дайындықтар жасалуда.

И. КАЗАНЦЕВ.

Жоспар орындалды

Преснов ауданындағы Калинин атындағы колхозда өткен жылы пар мен зябь жоспардағыдан әлде қайда кем жыртылды. Осы себепті көктем егісі үшін жүздеген гектар жерді дәл тұқым себердің алдында ғана жыртуға тура келді. Мұның өзі егіс жұмыстарының ұзаққа созылып, астық өнімінің аз болуына әкеліп соқты.

Өткен жылдың бұл кемшіліктерінен быйыл нақтылы қорытынды шығара отырып, колхозшылар Майбалық МТС-нің механизаторларымен жұмысты тығыз ынтымақта істеу арқылы зябь жыртуды тынғылықты ұйымдастырды. Жүздеген гектар тың кетерілді. Мұнымен бірге колхоз кәзірдің өзінде зябь жыртуды толық аяқтап отыр. Келесі жылы барлық егіс бұрын дайындалған жерлерге себіледі.

Колхозшылар мен механизаторлар агроном Абдуллин жолдасының басшылығымен жер жыртуда Мальцевтің әдісін кеңінен қолдану үшін кәзіргі күні әзірлік жұмыстарын кеңінен жүргізуде. Мұнда 120 гектар пар қайырмасыз плугпен қайтадан 35—40 сантиметр тереңдікте жыртылды. Осы сияқты «Сталин жолы» колхозында да зябь жырту жоспары мерзіміне бұрын орындалды. Мұнда жоспардың

★ Зябь жыртуға көңіл бөлінбей отыр ★

Булаев ауданындағы Стаханов атындағы колхоз Калинин МТС-індегі ең ірі шаруашылықтардың бірінен саналады. Колхоз егін жыйнауы ауданда бірінші болып, 16 сентябрьде аяқталды. Сол уақыттан бері мұнда зябь жыртудың жоспарын толық аяқтауға мүмкіншілік болды. Бірақ жағдай бұған мүлдем көрініспе болып отыр. Колхозда 3 трактор бригадасы болса, олардағы тракторлардың біраз бөлігі басқа колхоздарға көмекке жіберілген. Оның үстіне МТС директоры Елкин жолдасының бұйрығы бойынша колхоздағы 5 тракторды жөндеу үшін МТС ұсадыбасына әкелінген. Бірақ МТС мастерскойында тракторларды жөндеу әлі басталған жоқ. Ол 5 трактормен бұл уақытқа дейін кемінде 300-400 гектар зябь жыртуға болар еді.

Бұдан басқа колхозда 6 «ДТ—54» тракторы бар. Егер бұл тракторлар зябь жыртуға толық қатыстырылса колхозда зябь жыртудың бескүндік тапсырмалары үнемі толық орындалып отырылған болар еді. Ама! қанша, бұл тракторлар жұмысқа өнімсіз пайдаланылады. Бір трактордың сынғанына 5 күн болды. Ол тракторды жөндеп, іске қосуды МТС басшылары ойластырмай келеді. Басқа тракторлар да жұмысқа екі смената толық қатыстырылмай жүр. Трактор бригадаларының бригадирлері Елмурзаев және Мойсеев жолдастар тракторшылардан сменалық тапсырмаларды толық орындауды қатаң талап етпейді. Осының барлығы колхозда күн сайын небары 40—50 гектар ғана зябь жыртылуына негізгі себеп болып отыр. Егер тракторлар жұмысқа екі смената толық қатыстырылған болса, онда колхозда күн сайын кемінде 115 гектар зябь жыртылған болар еді.

Колхозда зябь жыртудың қарқыны осындай нашар екені МТС басшыларына ебден белгілі. Олар орын алған кемшілікті дереу жойып, іске жаңа қарқын туғызу орнына, болған кемшілікті тізбектеу-

совхоздарының өзгәк толық мысал бола алады. Өткен жылы ауданда «Урожай» ерікті спорт қоғамының құрамында 60 адамы бар екі физкультура коллективі ғана болатын. Ал, бйыл жаңа совхоздардың ұйымдастырылуына байланысты физкультура коллективтерінің саны артты. Кәзір ауданның совхоздарында құрамында 530 спортшысы бар 9 физкультура коллективтері құрылды. Олар үшін көптеген спорт алаңдары жабдықталды.

Бұл совхоздардың комсомол ұйымдары мен кәсіподақ комитеттері совхоз спортшыларының санының өсуіне үнемі көңіл бөліп отырады. Соның нәтижесінде совхоз спортшылары аудандық, облыстық, республикалық және Бүкілодақтық спорт жарыстарына белсене қатысып, өздерінің тамаша спорт шеберліктерін көрсетті. Кәзір мұнда қысқы спорт маусымына әзірлік жұмыстары да айтарлықтай жүргізілуде. Кәсіподақ комитеттері қысқы спорт жабдықтарына қажетті қаржы бөліп, оны көптеп сатып алуда. Мектептердің, клубтардың жанынан арнаулы спорт залдары салынууда.

Физкультура мен спортты жаппай өрістетуде ерікті спорт қоғамдарының зор роль атқаратыны сөзсіз. Олар жүргізілетін жаппай қатысатын спорт ұйымдары болып табылады. Облысымыздың ерікті спорт қоғамдары спортшылардың санын көбейтіп, олардың спорт шеберлігін арттыруда айтарлықтай табыстарға жетісіп келеді.

Кәзір ерікті спорт қоғамдарының алдында аса маңызды міндеттер тұр. Олар спорт жабдықтарын, катоктар үшін су қатыратын жерлерді дайындап, спортшылардың қысқы спорт маусымына үлгілі әзірленуін қамтамасыз етуге міндетті. Ол үшін ерікті спорт қоғамдары мен физкультура коллективтері шаңғы, конький, хоккей және басқа секциялардың жұмыс істеуін ұйымдастырып, оларға тәжірибелі, білімді тренерлерді тарту керек. Сонда ғана ерікті спорт қоғамдары мен физкультура

ғылдайбайды. Міне, кәзірлі кездегі ауыл-селодағы физкультура мен спорт жұмыстарының өз дәрежесінде еместігін, көптеген жас қолхозшылардың спортпен шұғылданбауын осындай себептермен ғана дәлелдеуге болады.

ҚЛКЖО комсомол комитеттері мен аудандық физкультура және спорт комитеттері төменгі физкультура коллективтерінің жұмысын жақсарту, оларды қысқы маусымға үлгілі әзірлеу мәселелерімен қанағаттанғысыз шұғылданады. Аудандық физкультура комитеттері ауыл-селодағы физкультура коллективтеріне жұмыс үстінде нақтылы көмек көрсетпейді, оларға маған тренерлер жібермейді. Соның салдарынан көптеген ауыл-село спортшылары физкультура мен спортқа араласа алмай жүр.

Жасыратыны жоқ, бірқатар қолхоздарда «Қолхозшы» ерікті спорт қоғамдары формальді түрде ұйымдастырылған. Қолхоз басқармалары жас қолхозшылардың спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай туғызып, оларды спорт жабдықтарымен қамтамасыз етпейді. Ал, жергілікті партия, совет ұйымдары физкультура ісіне бөгет жасайтын осындай тәзгісіз жағдайларға қарсы ешқандай шара қолданып отырған көріне-көзге жол береді.

Физкультура мен спорт — комсомол ұйымдарының күнбе-күн көңіл бөлетін мәселесі. Сондықтан жергілікті комсомол ұйымдары, ҚЛКЖО аудандық комитеттері төменгі физкультура коллективтеріне басшылықты жақсартып, олардың қысқы спорт маусымына үлгілі әзірленуін талап етіп отыруға тиіс.

Қысқы спорт маусымының басталуына сәйкес келген күндер қалды. Оған әзірлік жұмыстарын үлгілі ұйымдастыру, сөйтіп, жастарымыздың қысқы спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай туғызу — комсомол, кәсіподақ комитеттерінің және физкультура орындарының бүгінгі таңдағы көзек күттірмейтін міндеттерінің бірінен саналады.

Украин ССР Волыньск облысының қолхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Волыньск облысының қолхоздары мен совхоздары астық дайындау мен астық сату жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мемлекетке 1 миллион 600 мың пұт астық, оның ішінде бидай өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда 440 мың пұт артық тапсырылды.

Облыстың қолхоздары өздерін 1955 жылдың көктемгі егісіне қажетті тұқым мен толық қамтамасыз етті. Мал азығы мен сақтық қорын құйып алды. МТС-тің жұмысы үшін тапсырылған есеп бойынша мемлекетке астық тапсыру және мемлекетке сатып алу ретінде астық сату

жұмысын жүргізіп жатыр. Сол сияқты, қолхозшылардың еңбек күндеріне де астық берілуде.

Бұл күндері облыстың ауылшаруашылық еңбекшілері ауылшаруашылық жұмыстарын тиісті мерзімде аяқтау және мемлекетке картоп, қант қызылшасы, өсімдіктер мен мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолына барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыруда. Сол сияқты, қолхоздық мал қыстатуға дайындық жұмыстары да жүргізіліп жатыр.

Жоспардан тыс көмір

ГУВАХА, (Молотов облысы), 8 октябрь (СОТА). Ұлы Октябрь мерекесін лайықты қарсы алу жарысына ұшғася отырып, Чкалов шахтасының коллективі көмір өндірудің он айлық жоспарын Кизелов көмір бассейнінде бірінші болып орындады. Бүгін бұл шахта октябрь айының жоспарынан тыс бір эшелон көмір жемелтті.

Жұмысшылардың еңбек өнімділігі өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда мұнда 6,5 процент артты. Көмірдің өзіндік құнын кемітуден он ай ішінде 400 мың сом қаржы үнемделді.

Жарыста шахтадағы екінші участоктің коллективі алда келеді. Жыл басынан бері бұл участок жоспардан тыс 5 эшелон көмір өндірді.

завод лабораториясы, жұмысшылардың тынығатын бөлмесі, тағы басқа да бірнеше бөлмелер жақын арада толық жабдықталып, пайдалануға беріледі.

М. ЖАРАСОВ.

Лайықты әзірлік

Қалалық сауда бөлімінің жеке адамдардың заказы бойынша киім тігетін мастер-сқойының коллективі Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұш-тасып, мінсіз, жоғары сапалы өнімді көп шығаруға және өнімнің өзіндік құнын едәуір кемітуге жетісіп келеді. Мастер-сқой өткен 9 айда өндірістік жоспар бойынша 1 миллион 405 мың сомның өнімін шығаруға тиісті болса, ол 106 процент болып орындалды.

Мұнда Мария Ивановна Серебрикова басқаратын бригада мүшелері еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп, социалистік жарыста үздік алда келеді.

М. ЖАҚСЫЛЫҚОВ.

Пар мен зыб жыртуда Уткин жолдасының басқаруындағы трактор бригадасы

Т. ЕСЕНОВ.

Механизаторлардың табысы

Октябрь ауданындағы «Смычка» және «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхоздарының қолхозшылары мен бұл қолхоздарды қамтытын Торанғұл МТС-нің механизаторлары келесі жылдың егісіне әзірлікті күннен күнге өрістете түсуде. Механизаторлар зыб жыртуға техника күшін неғұрлым өнімді пайдаланып келеді.


«Смычка» қолхозында жұмыс істейтін Матухна жолдасының басқаруындағы бригаданың тракторшылары зыб жыртуға тракторларды күні-түні бірдей қатыстырып, зор табысқа ие болып отыр. Бригада зыб жырту жоспарын қолхозда мерзімінен бұрын толық орындап шықты. Кәзіргі уақытта тракторшылар парды өңдеу және жоспардан тыс зыб жырту жұмыстарын жүргізуде.

Сол сияқты, Варлашкин жолдасының басқаруындағы трактор бригадасының мүшелері де «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозында қажырлы еңбек етіп, қолхозшылардың күнбе-күнгі көмегінің арқасында қолхозда зыб жырту жоспарын 8 октябрьге дейін толық орындап шықты. Әресе тракторшылар Левин және Березов жолдастар ерекше көзге түсті. Олар «С—80» тракторымен зыб жырту да сменалық жұмыс тапсырмаларын үнемі 110—120 процент орындап отырды.

Бригада мүшелері жоспардан тыс зыб жыртуды өлі де жүргізуде. Олар қолхозда кемінде жоспардан тыс 200 гектар зыб жыртуға міндеттенді.

В. КУЦ.

Б. ЖАҚЫПОВ.



Қостанай облысы Затоболье жолының бойымен жүретін автопоездар көбейіп келеді. Қазақстанға Латвия ССР-нан келген комсомолец Владимир Сюбаров автопоездарды жүргізудің шебері болып саналады. Кәзір ол Меңді-қара ауданындағы Ленин атындағы қолхоздың астығын тасып жүр. СУРЕТТЕ: 1. В. Сюбаровтың автопоезы жол үстінде. 2. В. Сюбаров жолдас. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДА ҚАРАКӨЛ ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУ

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Облыстың бұрынғы сегіз ет совхозы қаракөл қойларын өсіретін болды. Жымпиты, Қаратөбе, Ағатаң, Ащысай совхоздары қаракөл қойларын өсіретін болады. Бұл шаруашылықтар Астрахань облысынан 40 мың қаракөл қойын қабылдап алуға әзірленіп жатыр. Қосымша қой қоралар жабдықталып, жемшөп жеткізілуде.

Астраханьның көптеген қаракөл қой өсірушілері Батыс Қазақстанға келіп жұмыс істеуге тілек білдірді.

ЖАҢА АСТЫҚ СОВХОЗДАРЫН ТЕЛЕФОНДАНДЫРУ ЖӘНЕ РАДИОЛАНДЫРУ

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Жаңа Қуйбышев астық совхозының орталық усадьбасына телефон сымы тартылды. Совхоз ауданының орталығы — Демьяновка және Қостанаймен мүлтіксіз байланыс жасап тұратын болды. Радиоторабы жабдықталды. Весело-Подольск МТС-і мен жаңадан құрылған Лесной астық совхозының арасында 12 километрлік ауе телефон жолы жасалды.

Весело-Подол селосында коммутатор

орнатылғаннан кейін бұл совхоз Қостанай мен телефон арқылы байланыс жасай алатын болады. Лесной совхозында да радио торабы қатарға қосылды.

Славянск, Хмельницкий және басқа совхоздарда да жаңа радио тораптары пайдалануға берілді. Жылдың аяғына дейін облыстың барлық совхоздары радиоландырылады және жаңа 10 совхозда телефон орнатылады.

Овощ пен картоптан мол өнім алынууда

ҰЗЫНАҒАШ (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Жамбыл ауданындағы «Работник» ауылшаруашылық артелінің тәжірибелі овощ өсірушісі, Социалистік Еңбек Ері Дмитрий Иванович Гущин басқарған оғоред бригадасы картоп және овощтан мол өнім өсірді. 45 гектар картоптың әр гектарынан 200 центнерден өнім алынды. Картоптың тұқымдық участогінің әр гектарынан 250 центнерден өнім жыйналды. Помидор, капуста, қыяр өткен жылғыдан екі есе көп алынды.

Сталин атындағы, Ленин атындағы, «Октябрь» және басқа ауылшаруашылық артельдерінің овощ өсірушілері овощтардан мол өнім өсірді.

Жамбыл ауданының қолхоздары мемлекетке овощтар мен картопты өткен жылғы осы мерзімдегіден біржарым есе артық тапсырды.

Биік таудағы астрофизика обсерваториясында

Қазақ ССР Ғылым академиясының астрофизика институтының биік таудағы обсерваториясында күннің сыртқы қатарын зерттейтін станция жұмыс істей бастады. Мұнда коронограф күн тұтылмаған кезде күннің сыртқы қабатын зерттеуге мүмкіндік беретін аспап орнатылды. Кәзір Ленинград оптиктері жасаған Совет Одағындағы үшінші хромосфералы фото-сфералы телескопты монтаждау жұмысы аяқталып келеді. Ол күннің атмосферасын зерттеуге арналған. Күнді зерттеу жұмыстарына жас қазақ ғалымы физика-математика ғылымының кандидаты Мидхат Бәрімов басшылық етуде.

(ҚазТАГ).

КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

Комсомолецтердің саяси оқуын ұйымдастыруға басшылықты жақсарту қажет

Саяси оқу жүйесіндегі жаңа оқу жылының басталуына санаулығак күндер қалды. Осыған қарамастан, Приешім ауданының комсомол ұйымдарында жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары әлі де дұрыс ұйымдастырылмай отыр. Ең алдымен, ҚЛКЖО аудандық комитеті (секретары Ткаченко жолдас) және бастауыш комсомол ұйымдары өткен оқу жылында орын алып келген кемшіліктерден арылып болған жоқ. Өткен жылы ауданда 32 үйірме мен мектептер жұмыс істесе, былай олардың саны 21-ге дейін қысқартылды. Алайда бұл қысқартулар комсомолецтердің жеке тілектерін, жалпы білім дәрежелерін, олардың өндірістік жұмыстарындағы ерекшеліктерді ескеру арқылы емес, қалай болса солай, атүсті жүргізілген.

Ауданда барлығы 1050 комсомолец бар. Быйылғы жылы 438 комсомолец комсомол оқуы жүйесіне, 127 комсомолец коммунистермен бірге партия оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен мектептерге қамтылды. Ал небары 26-ақ комсомолец марксизм-ленинизм теориясын өздігінен үйренуге жазылды. Сонда аудандағы комсомолецтердің төң жартысына жуығы саяси оқудың бірде-бір түрімен қамтылмай қалып отыр. Аудандық комсомол комитетінің секретары Ткаченко жолдас бұл мәселеге көңіл бөлуді қарайтын көрінеді. Біз мұның мәнісін түсіндіруді сұрағанда, ол, шімірлікпен «оқығысы келмейтін комсомолецтерді зорлай алмадық»,—дейді. Тіпті Ткаченко жолдас өзінің бұл дәрменсіздігін саяси оқудағы еріктілік принципімен бүркемеленуге әрекет жасады. Іс жүзінде, ол саяси оқу жүйесіндегі бұл принципті түсінбеген болып шықты. Соның салдарынан, өз тарапынан да, бастауыш комсомол ұйымдары секретарьлары тарапынан да еріктілік принципінің өрескел бұрмалауына жол берген.

Комсомолецтер саяси оқудың өздігінен үйрену түріне де формальды қамтылған. Мұнда әрбір комсомолецтен жеке-жеке әңгімелер өткізілмеген. Ауданның комсомол комитетінде өздігінен үйренуші комсомолецтердің тізімі ғана жазылып, олардың негізгі үйренуге тілек білдіргені жөнінде және олар туралы басқа да керекті мәліметтердің болмауы осыдан екені түсінікті.

Марксизм-ленинизм теориясын өздігінен үйренуші комсомолецтерге нақтылы көмек көрсету шараларын да аудандық комсомол комитеті белгілемеген. Рас, аудандық комитет қажынан лекторлар тобы құрылып, оның жетекшілігіне Ткаченко жолдасын өзі тағайындаған. Лекторлар тобының құрамында 9-ақ адам бар. Ал сонда тек аудандық комитет жанынан ғана

ұйымдастырылған бұл лекторлар тобы аудандағы мыңнан астам комсомолецтерді лекциялармен қалай қамтыды және өздігінен үйренуші комсомолецтерге қандай нақтылы көмектер көрсете алады, деген орынды сұрақ туады. Біздіңше, мұндай шағын ғана лекторлар тобы көрсетілген міндеттерді толық орындап шыға алмайды. Лекторлардың лекция оқу мәдениеті де төмен. Мәселен, жуырда Ткаченко жолдас аудан орталығындағы жастарға арнап, «Совет қоғамындағы махаббат, семья және неке» деген тақырыпта лекция оқыды. Лекцияның тақырыбы ата маңызды және қызықты болғандықтан оны тыңдауға әресе жастар көп жыйналды. Алайда, бұл лекция тыңдаушылардың үмітін ақтап алмады. Жұрттың біраз бөлегі лекцияның орта тұсында аудандық мәдениет үйінен шығып кетіп жатты. Ал залда лекцияның ақырына дейін тыңдап отырғандар мазадары кетсе де, лекцияның соңынан іде-наша кино болатындықтан ғана шыдап отырысты.

Жастардың бұл лекцияны ынта қоймай тыңдау себебі не?

Біріншіден, Ткаченко жолдас лекцияның дайын текстімен күні бұрын танысып алу орнына, оны жұртшылыққа бас көтерместен оқумен болды.

Екіншіден, ол лекция оқуға дайындағанда оны жергілікті материалдармен толықтыруды, мысалдарды алыстан іздемей, жергілікті жастардың өмірінен алуды ескермеген.

Үшіншіден, Ткаченко жолдас еңбекші бұқара алдында лекция оқудың, сөйтіп, оларды идеялық жағынан, коммунистік рухта, партия ісіне шын берілгендік рухта тәрбиелеудің зор маңызын, асқан жауапкершілігін ұмытып кеткен.

Мұндай нашар оқыған лекцияны алдын-ала тексеріп түгіл, неге екені белгісіз. ҚКН Приешім аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімшесі бұл лекцияны тыңдауға бірде-бір адам қатыспады. Бұл бөлімнің меңгерушісі Позотикова жолдас ҚЛКЖО аудандық комитетіне комсомолецтердің саяси оқуын дұрыс ұйымдастыруға, лекциялық насихаттың дәрежесі жоғары болуына нақтылы көмектесетінін көрсетіп отырмайтын болып шықты.

Мұндай кемшіліктерді жоюға уақыт жетті. Комсомолецтердің саяси оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылын зор ұйымшылдықпен бастау үшін аудан комсомол ұйымдары әзірлік жұмыстарын жедел аяқтауы қажет. Ал, аудан партия ұйымы бұл іске қанды басшылық жұмысын күшейтуге міндетті.

Д. АУЕЛБЕКОВ.

Бір ұйымның жұмысы туралы

Быйыл нан комбинатының коллективті тәжірибелерін жұмысшылар арасына кеңі-

Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығына байланысты Берлинде болған бұқаралық митинг

БЕРЛИН, 7 октябрь. (СОТА). Бүгін Берлинде Маркс-Энгельс алаңында Герман Демократиялық Республикасының құрылғанына бес жыл толуын мейрамдауға байланысты еңбекшілердің бұқаралық митингі болды.

2 сағат 30 минут. Бүкіл алаңның ду қолшанапалақтауы үстінде негізгі трибунаға: Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Ник, премьер-министр Отто Грөтевель, ГДР Халық палатасы председателінің орынбасары Герман Матери, ГСВН Орталық Комитетінің бірінші секретары және премьер-министрдің орынбасары Вальтер Ульбрихт, Өлкелер палатасының председателі Рейнгольд Лобеданц, премьер-министрдің орынбасарлары Отто Нушке, Генрих Рау, Ганс Лох, Демократиялық Германияның Ұлттық майданы ұлттық советі президиумының председателі Эрих Корренс және басқалары келді.

ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі, СОВН Орталық Комитеті Президиумының мүшесі В.М. Молотов бастаған Совет Одағының Үкімет делегациясы мүшелерінің, сонымен қатар Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығын мейрамдауға қатысу үшін жергілікті басқа елдердің үкімет делегацияларының басшылары мен мүшелерінің негізгі трибунаға келуі ду қолшанапалақтаумен қарсы алынды.

Митингте Бірінші болып ГСВН Орталық Комитетінің бірінші секретары және Герман Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары Вальтер Ульбрихт сөз сөйледі.

ВАЛЬТЕР УЛЬБРИХТТІҢ СӨЗІ

Ульбрихт сөзінің бас кезінде ГДР-дың бес жылдығын мейрамдауға қатысу үшін Совет Одағынан, социалистік және демократиялық лагердегі елдерден және капиталистік елдерден көптеген делегациялардың келуі Германиядағы бейбітшілік күштердің бейбітшілік халықтармен достық байланыстарының берік екендігін дәлелдейді деп көрсетті.

Герман Демократиялық Республикасын, деп атап көрсетті Ульбрихт, неміс халқының демократияшы және бейбітшілік күштерінің өз Отанын қайта қосу жолындағы күресінің берік негізі болып табылады. Батыс Германиядағы қару-жарақ миллиард дерлері мен ытырашыл генералдар, деді бұдан кейін Вальтер Ульбрихт, Германияның репатрианттардыру және соғыс апаты зольшына үшінші рет игерілмеуге барлық күшін салып отыр. Батыс Германияны Батыстың соғыс шартына қатыстыру туралы қарар қабылдаған Лондон кеңесі неміс халқы мен еуропа халықтарының өкірлік мүдделеріне жасалған соққы болды. Лондон келіссөздері Германияны ұзақ уақытқа бөлшектеу мақсатын тудырды. Неміс халқы Лондондағы сепараттық келіссөздердің нәтижесіндегі сұқпалыққа

ді әкету туралы ешбір кешеуілдетпей келісім жасалсын деген Совет Үкіметінің ұсынысын құттықтайды. Мұндай келісім Германияны қайта қосуды елеуір жеңілдеткен болар еді және сонымен бірге халықаралық жағдайдағы шиеленісті оған әрі бәсеңдетуге көмектескен болар еді. Герман проблемасын бітім договорын жасасу жолымен ғана түбірмен шешуге болады, Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының президиумы төрт дер жазаның болашақтағы келіссөздері кезінде неміс халқының еркін мүмкіндігіне бірлесіп талқылау негізінде білдіретін болу үшін Бонн федералдық республикасының өкілдеріне осындай бітім договорын жасасу жөнінде өздерінің пікірі туралы бірлескен келіссөздер жасауды ұсынды.

Қарусыздандыру және қарусыздандыруға бақылау қою туралы келісім жасасу жайында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясына енгізілген Совет Үкіметінің ұсынысы, деді Ульбрихт бұдан кейін, неміс халқының өмірлік мүдделері не толық сай келеді. Егер бүкіл Германия да жұмысшы табының бірлігі жүзеге асырылған күнде, егер бейбітшілік, демократияшыл күштер Демократиялық Германияның ұлттық майданының туы астында күресетін болса, деп атап көрсетті Ульбрихт, онда Германияны қайта қосуға ешқандай күш бөгет бола алмайды.

Европалық мемлекеттердің коллективтік хауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы барлық европалық мемлекеттер жасасатын договордың көмегімен ғана неміс халқы мен Европаның барлық халықтарының бейбіт тұрмысын қамтамасыз етуге болады.

Ульбрихт өзінің сөзін Германияны демократиялық негізде қайта қосу жолындағы күрестің тірегі—Герман Демократиялық Республикасының құрметіне, неміс халқы мен ұлы совет халқы арасындағы мызғымас мәңгі достықтың құрметіне, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің құрметіне ұрандар айтумен аяқтады.

Митингке қатысушылар ССРО Жоғарғы Советінің Президиумына, ССРО Министрлер Советіне және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне профессор Корренс ұсынған мынадай құттықтауды зор жігермен қабылдады.

СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНА, СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНЕ ЖӘНЕ СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ

Герман Демократиялық Республикасының құрылғанына бес жыл тоған күні Германияның астанасы Берлинде болған бұқаралық митингке қатысушылар барлық неміс патриоттарының атынан Совет

қалпына келтіру мақсатымен немістер арасында өзара түсінушілікке жетуді үнемі жақтай береміз. Біз сонымен қатар барлық халықтардың бейбіт ынтымақтауы ісіне өз үлесімізді қосу үшін күшімізді аямай жұмсаймыз.

Герман-совет достығы жасасын! Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!

Біртұтас, демократиялық, бейбітшілік және тәуелсіз Германия жасасын!

Бұдан кейін Совет Одағы Үкімет делегациясының басшысы, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В.М. Молотовқа сөз берілді.

В.М. МОЛОРОВТЫҢ СӨЗІ

Қымбатты жолдастар және достар!

Совет халқының атынан, Совет Одағының Коммунистік партиясының атынан Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығы күні сіздерге шын жүректен сәлем жолдап, құттықтаймын. (қолшанапалақтау).

Герман Демократиялық Республикасы құрылған күн еңбекшілердің мейрамына айналды. Ал республиканың құрылғанына бес жыл толуы аталып отырған дәл бүгінгі күн осындай мейрам болып табылады.

Бүгінгі күні, бұдан бес жыл бұрын, Германияның федералдық республикасының да құрылғанын еске түсіру өте заңды. Ол ГДР-ден, шамамен бір ай бұрын құрылған болатын.

Бүгінгі күні осында Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығын мейрамдалып отырған уақытта, көп адамдардың былай деп сұрауы мүмкін: Батыс Германияда федералдық республиканың құрылғанына бес жыл толуы мейрамдалды ма екен? Егер Батыс Германияда мұндай бесжылдық мейрамдалған болса, ол жайында мәлім болған болар еді.

Герман Демократиялық Республикасының құрылуы немістен еңбекшілердің мейрамына айналып отыр, ал Герман федералдық республикасының құрылуы шөлктен елеусіз, халық бұқарасының қатысуымен өтіп отыр?—деген сұрақ туады.

Шығыс және Батыс Германиядағы жағдайдың арасында мұндай айырмашылықтың немістен болып отырғаны жөнінде көптеген пікірлер келтіруге болар еді. Бірақ бір ғана, басты мәселені ғана айтудың өзі жеткілікті.

Әңгіме мынада: жұмысшылар мен шаруалар, деме еңбегі мен өй еңбегінің қызметкерлері Герман Демократиялық Республикасын өз мемлекетіміз деп санайды. Бұл мемлекетті олардың өздері орнатып, оның табыстарын өздерінің жанқиярлық күш-жігерімен қамтамасыз етіп, оның табыстарын мақтап етіп отыр. Герман Демократиялық Республикасында оның қол жасау халықтың өзі болып табылады, сондықтан да ГДР-дың құрылғанына бес жыл толуы мынадай мұндай сұрақтарды туғызады:

гіздерде біріктіру міндетінің герман халқының ең шұғыл ең маңызды міндеттеріне жататынын естен шығармайды.

Германияның бірлігін қалпына келтіру жолындағы күресте Герман Демократиялық Республикасының еңбекшілері баса көңіл бөлуге тиіс. Герман мемлекетінің бірлігін қалпына келтіру жолындағы күрес Шығыс және Батыс Германияның демократтары мен патриоттары бірліктегі тиіс. Ал олар кәзіргі уақытта бұл жолдағы басты кедергі, Герман милитаризмін қайткен күнде де қалпына келтіруді көздеп отырған Батыс Германиядағы милитаристер мен кекшілерге сүйенетін Еврпа мен Америкадағы агрессияшыл топтардың арам ниеттері болып отырғанын ұмытпауға тиіс.

Герман мемлекетінің бірлігін қалпына келтіру жолында кедергілер аз емес. Бірақ барлық неміс демократтары мен патриоттары бұл істі мыңдай қолға алса, бұл кедергілердің бәрі жойылады, сөйтіп, демократиялық және бейбітшілік Германияны біріктіру ісі салтанат құрады (қолшанапалақтау).

Совет Одағы герман милитаризмін қалпына келтіруге мызғымас жігермен қаншалықты қарсы болып отырған болса, ол сонымен бірге, соншалықты жігермен, Герман мемлекетінің бірлігін кешеуілдетпей қалпына келтіру қажеттігін бағып және дәйекті түрде жақтап келеді. (қолшанапалақтау).

Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасының қатынастары демократияның күштерге және бұл күштерді біріктірген Демократиялық Германияның ұлттық майданына сенушілікке негізделіп отыр. Совет Одағының қолдауы қажет болатын өзінің бүкіл ішкі және сыртқы істерінде республика еңбекшілерінің оған үміт артуына әбден болады (ду қолшанапалақтау). Совет Одағы герман халқының демократияшы және бейбітшілік күштерінің Германияның бірлігін қалпына келтіру жолындағы күресінде оларды барынша қолдап отырады. (қолшанапалақтау).

Герман Демократиялық Республикасы мен оның үкіметі жасасын! (ду қолшанапалақтау).

Демократиялық Германияның ұлттық майданының бастаушы күші—Германияның Социалистік Біртұтас партиясы жасасын! (ду қолшанапалақтау).

Біртұтас, тәуелсіз, бейбітшілік, Демократиялық Германия жасасын! (ду қолшанапалақтау).

Совет және герман халықтары арасындағы мызғымас достық жасап, нығая берсін! (Ұзақ, ду қолшанапалақтау) «Достық», «достық» деген ұрандар айтылды.

Бұдан кейін Франция Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Жоаннес сөз сөйледі. Ол Франция Коммунистік партиясының атынан Берлиндегі митингке

Арыс—Түркстан каналы


Совет Одағының Коммунистік партиясының қамқорлығымен Қазақстанның шөл далалары көркейе түсуде. Совет адамдары СОБН Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл өркендету туралы тарихи қарарын жүзеге асыра отырып, миллиондаған гектар тың және көптен бері тыңайып жатқан жерлерді игеруде. Республикадағы аса ірі құрылыс — Арыс — Түркстан каналы ССРО Министрлер Советінің белгілен жобасы бойынша салу партия мен үкіметтің Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі тағы да зор қамқорлығының жаңа көрінісі болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан мақтаншылары мен малшыларының Арыс, Бұғын және басқа өзендерінің суын суармалы жерлер үшін пайдалану жөніндегі ғасырлар бойы көксеген арманы жүзеге асырылып келеді.

Бәрімізге мәлім, Оңтүстік Қазақстан облысы аудандарының солтүстік-батыс тарабында аса зор табиғи байлықтары бар. Ал бұл байлықтар ауылшаруашылық өндірісін едәуір кеңейтуге және өнеркәсіптің маңызды салаларын өркендетуге мүмкіндік береді. Мұнда барлық ауылшаруашылық дақылдарын, оның ішінде мақта өсіруге әбден қолайлы жүз мыңдаған гектар құнарлы жерлер бар. Қаратаудың қойнауында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы үшін қажетті кендердің көп қорлары сақталуда. Ауданның жері Ташкент және Түркстан — Сибирь темір жолы магистральдарының бойымен кәлбей созылған. Мұнда суармалы егіншіліктің социалистік әдістерін және техникасын өркендетуді әбден меңгерген колхоздар мен МТС-тер орналасқан.

Бірақ, бұл табиғи байлықтар көзіркі кезде халық шаруашылығының мүддесіне әлі де толық пайдаланылмай келеді. Оған, ең алдымен су қорларының тапшылығы кедергі жасап отыр. Оңтүстік Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігі Қазақстанның ең қуаңшылықты аймағына жатады. Бұл жерлер ауа райы жағынан жазда температурасы жоғары, жауын-шашыны аз болатын (жылына түсетін ылғалы 170 мм) және қуаңшылық дәуірі ұзаққа созылатын (жылына 200 күннен асады) шөл дала ретінде сипатталады. Ал бұл жерде егіншілікті тек суару арқылы жүргізуге болады. Бірақ суару жүйелерінің тек жалғыз ғана көзі болып табылатын таяз су құйылмаларының су қорының тапшылығы соншама, тіпті ол тек егін суару үшін ең аз мөлшерде қажет сумен қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді.

Міне сондықтан да, бұл аудандарда суару және суландыру үшін су қорларын ұлғайтудың проблемасы кезек күтпейтін проблемалардың бірі болып саналады. Өткен ғасырдың екінші жартысының бас кезінде өзінде осы судың қорын толықтыру жөнінде әрекеттер жасалғанымен, оның барлығы сәтсіздікке ұшырап отырды.



лу, табу жұмыстарын жүргізу керек болды. Сырдария өзенінің ірі құйылмаларының бірі — Арыс өзенінің су құйылымын осы мақсаттарға пайдалану туралы ұсыныс осындай іздестердің нәтижесі болды.

Облыстың солтүстік-батыс бөлігімен қатарласып жатқан Арыс бассейнінде көзіркі кезде су қорларының көптеген бұлақтары, әсіресе, жылдың күзгі, қысқы және көктем айтарында толық пайдаланылмайды. Пайдаланылмайтын жылдық су құйылымының мөлшері 1700 миллион текше метрге дейін жеті, оның ішінде Арыс өзенінің өзінде 1000 миллион текше метрге жуық су пайдаланылмай, Сырдарияға құйылып жатыр.

Арыс — Түркстан ағымды каналын салу арқылы Арыс өзенінің суын көтеру оны қажетті бағытта қарай ағызып отыруға мүмкіндік береді.

Каналдың жолындағы бірінші және ең елеулі кедергі Арыс және Бұғын өзендерінің арасындағы биік су бөлігі болып отыр. Осы биіктікті айнала ағын, канал әуелі Арыс станциясына қарай, одан кейін солтүстікке қарай шұғыл бұрылып, Бұғын өзенінің алабына барып құйылады. Одан кейін ол Төрткөл алабына, одан тау бағындағы тегістіктің тегіс беткейімен Иканға, Түркстанға, Шыраққа, Қызылорда облысының шекарасына қарай ағады. Канал бес ауданның жерімен оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай ағады және өзінің жолында судың

гаңиялық су қоймасы болып табылады. Суаратын жер көлемі 124,3 мың гектар болатын Арыс — Түркстан каналында су бөлетін және шаруашылықаралық суару жүйесі құрылады.

Бұғын су қоймасының және каналдың суару жүйелерінің магистральды каналы өзендерде салынатын тартқын құрылыстарымен және суды бөліп, реттейтін су-техникалық және басқа линиялы құрылыстарымен жабдықталады.

Арыс—Түркстан каналы жүйесінің құрамына сол сыяқты энергетикалық және жол шаруашылықтарының құрылыстары, байланыс пен азаматтық құрылыстар жатады.

Құрылыстың және суару жүйесінің пайдалануға берілген кездегі электр қуаты жөніндегі мұқтаждарын қанағаттандыру үшін Қараспан маңында, Арыс өзенінде қуаттылығы екі мың киловатт су электр станциясы және бір мың киловаттық жылыту станциясы салынады. Алдағы уақытта Арыс өзенінде жалпы қуаттылығы 12,5 киловаттық екі су электр станциясын салу белгіленіп отыр. Мұның өзі Арыс — Түркстан каналының жүйесі қамтытын барлық аудандардың ауыл шаруашылығы жұмыстарын толығымен электрлендіруге мүмкіндік туғызады.

Суару жүйесінің бойында тас жол салынады, ол облысаралық маңызы бар Шымкент — Түркстан жол магистралінің негізгі бөлігі болып табылады.

Жауынгерлер сөзі

Көзір бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты, біздің туған жеріміз — Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің тың және тыңайған жерлерді игеру, ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау жөнінде партия-жыз бен үкіметіміз алға қойып отырған зор және маңызды міндетті орындау жолында алыбай еңбек етіп жатқандығын біз газеттерден оқып және радио арқылы естіп білудеміз. Біз — Совет Армиясының жауынгерлері Образцова МТС-нің коммунист Иван Никифорович Попов басқарған трактор бригадасының үлгілі механизаторлары Анатолий Кузьмин, Феофан Портагин, Серікбай Жанмұхамедов сыяқты көптеген еңбек озақтарын мақтан етеміз.

Біздің әскер бөлімінде солтүстік-қазақстандық көптеген ауыл шаруашылығы мамандары бар. Мәселен, әскер қатарына шақырылғанға дейін В. Фирсов, Д. Шкаруша — аға агроном, В. Царев — агроном, Ж. Мақатов, Е. Ақмамбаев, Г. Бекметов — механик, С. Зологин, Д. Шичина — зоотехник болып істеген. Біз жауынгер Ж. Абдрахманов, К. Қытаев, А. Кондратов вохзовшылардың балаларын оқытып, жас ұрпақтарға білім беру жолында еңбек еттік.

Біз жуырда Сартмар МТС-нің бір топ комсомолдерінің осы МТС-тің бұрынғы механигі жауынгер Ақмамбаев пен оның жерлестеріне жазған хатын алдық. Олар өздерінің хатында былай деп жазды:

«Күрметті жерлестеріміз — солдаттар мен сержанттар, Отанымыздың даңқты қорғаушылары! Сіздердің көпшілігіңіз Совет Армиясы қатарындағы міндетті әскери қызметтеріңді аяқтайсыздар. Біз Сіздерді өз МТС-імізге шақырамыз. Бізбен бірге тың және тыңайған жерлерді игеру үшін бізге келіңіздер. Бір семья болып совет адамдары үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасайық. Сөйтін талдауға жылдар ішінде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуге жетісу жөніндегі партиямыз бен үкіметіміз алға қойған міндетті аброймен орындау ісіне келелі үлесімізді қосайық».

Бұл хатты біз сүйсіне оқыдық. Енді аз уақыт ішінде біздің көпшілігіміз туған ауылға ораламыз. Біз, солтүстік-қазақстандықтар, барлығымыз жерлестеріміздің шақыруы бойынша ауыл шаруашылығына тың және тыңайған жерлерді игеруде өз мамандығымыз бойынша күш-жігерімізбен еңбек етуді ұйғардық. Біз Совет Армиясы қатарында әскери міндетімізді аброймен отады. Енді аз уақыт ішінде тың және тыңайған жерлерді игерушілер қатарына қосылып, халық игілігі үшін қажырлылықпен еңбек етеміз.

Солтүстік-қазақстандық бір топ жауынгерлер атынан

**Ж. АБДРАХМАНОВ,
К. ҚАЙЫРБЕКОВ,
К. ӘМІРОВ,**

КИНО

Индия кинематографиясының зор табысы

Индияның ұлттық кинематографиясы 1947 жылы Индия республикасы тәуелсіз мемлекет правосын алғаннан кейін ғана өркендеуге мүмкіншілік алды. Оған дейін отарлық режимнің бұғауында болып келген Индия халқының өзі сыяқты, оның искусствосы да отаршылардың қысымымен дамып алмаған болатын.

Соңғы жылдары Индияның экрандарында прогресшіл мәдениет қайраткерлері жасаған кинофильмдер көптеп шыға бастады. Өзінің сюжеттік негізін өмірдегі шындықтан алып, адамгершілік және гуманизм идеясынан нәр алған бұл фильмдер Индия халқының аса сүйіп көретін кинофильмдеріне айналды. Соғардың бірі бұл күндері облысымыздың кинотеатр экрандарында көрсетіліп жатқан Аббас пен Сатхеннің сценарий бойынша талантты кино-режиссер, белгілі артист Радж Капур жасаған екі сериялы «Қаңғырған адам» атты көркемсуретті кинофильм болып табылады.

Бұл кинофильмнің оқиғасы өмір шындығынан алынған. Жоқшылық пен аштықтың, қайыршылық пен қорлаушылықтың қушағында өскен жас баланың шындық өмірі, оның анықтығы, әрі қайғылы дағдыры фильмнің сюжет негізі болып табылады. Ұрылар мен қарақшылардың, кісі өлтіргіштер мен тонаушылардың ортасында «тәрбиесіз» алған бұл жас баланың басынан кешірген оқиғалары фильмде көркем баяндалып, шындық тұрғысынан берілген. Осы арқылы фильмді қоюшылар адал жүректі, жазықсыз жастың қылмыс жолына түсуінің әлеуметтік себептерін де терең ашып көрсетеді. Сол сыяқты адам өміріне, оның дағдырына көңіл бөлмей, шындық пен ақиқатты емес, екі жүзділік пен жазаңдылықты өз өмірлерінің тиегі еткен буржуазиялық қоғамдары тоғынарлардың өмірді түсіну «философиясының» негізсіздігін әшкередеуге фильмде біраз орын берілген.

Фильмнің идеялық негізі — адамгершілікті қорғау, қоғамдық өмірдегі әлеуметтік теңсіздік пен зорлыққа қарсы күресу. Фильмнің сюжеттік идеялық құндылығы да осында.

Фильмнің басты геройы Радж өзінің қорғамдағы «тадаулы» тоштық мүшесімін деп есептейтін Рагунат судьяның баласы. Рагунаттың өмір түсінігі бойынша ұрының баласы — ұры, жақсы адамның баласы — жақсы болмақ керек. Оның ойынша адамгершілік қан арқылы әкеден балаға берілетін мыйрас. Осы пірік көзқарастың негізінде ол бір кезде жазықсыз Жаггиді тонаушының баласы болғандығы үшін соғмаған болатын. Бұған өшікпен Жаггиді Рагунаттың әйелі Лилляны алып қашады. Бірақ Лилляның ежіқабат екендігін көргеннен кейін ол оны үйіне жібереді. Рагунат туғандарының өсеімен оны ежіқабат кезінде үйінен қуып шығады. Бұдан соң ол

батын қаралап, олардың қосылуына бөгет жасайды. Ол Раджды тек масқаралап қана қоймайды, оған құғын жасайды.

Өзінің жастық шарын бақытсыздыққа сүйікті шешесін қайғыға дүшар етіп, шын беріле сүйген жарынан айырмақ болған Рагунатты өлтірмек болғаны үшін Радж сотқа тартылады.

—Өмірімде тұңғыш рет сөз сөйлеуге право алып отырмын, — дейді ол сотта зор ашу-ызамен. — Егер мені бұрын тыңдаған болсаңыздар, мен бұл жерде тұрмаған да белар едім... Аштық пен жоқшылық мені осындай етті. Ал мен сыяқтылар мыңдан саналады.

Фильмнің шарықтау шегінде айтылған бұл сөз идеялық негіздің түйіні болып табылады. Радждың өмірі мен сөзі көрушілерді жас бөбектердің бақытты болашағын қамтамасыз ету үшін шетелдік үстемдік кезіндегі дәуірден үлес болып қалған Индиядағы көзіркі әділетсіздікті жою керек деген тұжырымға келтіреді.

Радждың ролінде ойнаушы, әрі фильмді қоюшы Радж Капур бұл фильмде өзінің аса зор сахна шебері екендігін көрсетті. Оның ойыны, әсіресе өзінің жан-жақтылығымен көз тартады. Радждың ішкі жан дүниесінің түрлі кезеңдерін көрсету арқылы Радж комедиялық, трагедиялық, тіпті тұрмыстық образдардың жан-жақтылық қасиеттерін шебер және өркін меңгергендігін байқатады. Бірде өз қылғымен көрушілерді күлкіге батырса, енді бірде жан дүниесінің күйзелушілігін асқан шеберлікпен көрсету арқылы толқытады. Сонымен қатар, ол Радждың бойындағы адамдық пен адамгершілікті арқашан ерекшелен, көрушілер назарын соған аударады. Оның орындауындағы Радж жеке бастың қамы үшін қылмысты жолға түсіксіз тонаушы емес, қоғамдық өмірдегі әлеуметтік теңсіздіктер мен қайшылықтардың құрбаны болған жас.

Радждың сүйген қызы Ританың ролін жас артистка Наргис орындайды. Алдына қойған мақсатына жету үшін қандай да болмасын қыйындықтардан тайынбайтын кіршіксіз махаббатты жас қыздың өмір түсінігі өзін қоршаған буржуазиялық тоғынарлардың өмір түсінігінен әлде қайда жоғары. Адамды сыртқы түріне немесе ылыққан тегіне қарап емес, адамгершілік қасиетіне қарап бағалау — Ританың адамдармен қарым-қатынасындағы негізгі қағида. Талантты артистка Наргис Рита махаббатының кіршіксіз тазалығын, оның адамгершілік үшін күресуге берік бел байлауын тамаша көрсете алған. Әсіресе, ол өзінің сүйікті жарын сақтап қалуға ерлік пен табандылық көрсетіп, өз правосын үшін, өзінің зор махаббаты үшін қандай да болмасын құрбандыққа баруға дайын екендігін айқын аңғартады.

Рагунат ролін орындаған артист Прит-вирадж қуыс кезде, шірік көзқарасты, тоғынардың бейнесін әшкередеушілік

Совет өкметі жылдарында, әсіресе, ауыл шаруашылығын коллективтендіруден бастап, бұл аудандарды суландыруға материалдық және ақшалай көп қаражылар бөлінді. Зерттеу жұмыстары кең көлемде жүргізіліп, қазіргі бар суару жүйелері қайтадан құрылды, бірқатар су қоймалары, каналдар мен құрылыстар жасалды. Бірақ, мұның барлығы тек істің бастамасы ғана еді.

1935 жылғы алдыңғы қатарлы мақталшылардың партия мен үкмет басшыларымен бас қосып өткізген кеңесінде Түркістан ауданының колхозшысы Шәріп Ниязов Сталин жолдасқа былай деп өтініш еді:

—Біздің колхоздың сыртында таулар бар. Онда су өте көп. Бізге, егіс далаларымызда су жіберуге көмектесетін инженер беріңіздер, сонда әр гектардан 20 — 30 центнер емес, 50 центнерден мақта беруге уәде беремін.

Бұдан кейінгі жылдарда жаңа ирригация құрылыстарын салу кең өріс алды. Түркістан ауданында қысқа мерзімнің ішінде күрделі су-техникалық құрылыстары бар, бетон төселген, ұзындығы 35 километрлік Байылдыр каналы салынды. Бұл суды тау сайларынан шығарып, оны колхоздың егістік жерлеріне жіберуге мүмкіндік берді. Жер үстіндегі және жер астындағы су қорларын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін Сасықбұлақ су қоймасы, бірқатар басқа каналдар мен құрылыстар салынды.

Бірақ, ирригация жұмыстарына едәуір қаржының жұмсалудына қарамастан, ауыл шаруашылығының суармалы суға деген мұқтаждығын жергілікті бұлақтардың есебінен толық қанағаттандыруға мүмкіндік болмады.

Бұл аудандардың Қаратау тауларының оңтүстік-батыс беткейлерінен ағатын су бұлақтарының жалпы жыдық су қоры небары 300 миллион текше метр еді, оның ішінде тек 200 миллион текше метр ғана көбінесе өсімдіктің өсуі дәуірі кезінде суару үшін пайдаланылды. Әрине, аудандардың бұдан былай мұндай жағдайда қалуы мүмкін емес еді. Суарудың және суландырудың жаңа су қорларын іздесті-

жерлердің орасан зор алқаптарын қарқынды өтеді. Тек қанадық аймақтарында, оның сол жағында мақта және басқа ауылшаруашылық дақылдарын өсіру үшін қолайлы 200 мың гектардан аса жер бар.

Салынып жатқан каналдың жобасында Арыс өзенінің 730 миллион текше метр күйылма суын, Бұғын өзенінің 62 миллион текше метр суын және Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейіндегі кінкентай басқа өзендердің 63 миллион текше метр суын, сөйтіп, барлығы 855 миллион текше метр суды пайдалану белгіленген. Бұл барлық көлемі 117,7 мың гектар жерді, оның ішінде Арыс ауданында 35 мың, Шаян ауданында —24,5 мың, Шәуілдір ауданында —7 мың, Түркістан ауданында —30,9 мың, Фрунзе ауданында —19,7 мың гектар жерді суаруға мүмкіндік береді.

Дұрыс суландырылатын жердің көлемі 70,7 мың гектар болады, оның ішінде жаңадан суарылатын жердің көлемі 63,3 мың гектар еседі, оның 45,3 мың гектары ауылшаруашылығы мақсатына пайдаланылады. Малазындық дақылдар үшін көлденіп суаратын жер көлемі 53,8 мың гектарға көбейеді. Каналдың жалпы ұзындығы 194,5 километр, Бұғын су қоймасының сыйымдылығы 370 миллион текше метр болады.

Канал Арыс өзенінің қазіргі Қараспан бөтегі (Ермоловка селосы) маңынан басталады. Мұнда өзенде суды дұрыс бөлу және Арыс —Түркістан суару жүйесіне суды тұрақты беріп отыруды қамтамасыз ететін су торабын салу белгіленді.

Бұғын су қоймасы Бұғын өзенінің алқабында салынады. Ол Арыс және Бұғын өзендерінің су қойылымдарын реттеп тұрады. Су айналасының көлемі 63,5 шаршы километр, ұзындығы 15 және кеңдігі 5 километрге жуық болады. Су қоймасының топырақтан жасалған бөгетінің ұзындығы 5 километр, ең жоғары биіктігі 17 метр болады. Су қоймасының оңтүстік жағының ұзындығы 3,25 километр, ең жоғары биіктігі 10,5 метр болатын. Қараспан дамбысымен қоршалыды. Су қоймасының сыйымдылығы —370 миллион текше метр. Ол республикамыздағы ең ірі ирри-

өте қолайлы жағдайлар жасауда. Суару каналдары мен жолдардың бойында, Бұғын су қоймасының төңірегінде су торабының жерлерінде, өзендер мен каналдарда, колхоздар мен совхоздардың каналдар мен елді пункттердің пайдаланылып жатқан жер участоктерінде, ағаш отырғызуға мүмкіндігі бар, барлық жерде орман алқаптары жасалады, сәнді және жеміс ағаштары отырғызылады. Арыс —Түркістан суару жүйесін салу үшін 41 миллион текше метр жер қазу жұмыстарын, 140 мың текше метр бетон және темірбетон жұмыстарын жүргізу, 1500 тонна металл конструкцияларын орнату керек болады. Жұмысқа ондаған экскаваторлар, жер қазатын басқа жүздеген трактор мен автомашиналар пайдаланылады. Құрылысқа мыңдаған жұмысшы-құрылысшылар мен колхозшылар керек болады. Құрылыстың жалпы құны 250 миллион сом болады.

Республиканың өте-өте қуаң аймағында табиғатты өзгерту жөніндегі орасан зор программаны жүзеге асыру 120 мың гектарға жуық бос жатқан жерлерді колхоздар мен совхоздардың жоғары құнарлы егіс далаларына айналдыруға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде бұл аудандарда ауыл шаруашылығының өндірісі едәуір кеңейеді: аса бағалы дақыл — мақтаның жалпы өнімі 14—15 есе, ал шөп жыйнау 13 мың тоннадан 215 мың тоннаға дейін өседі.

Арыс —Түркістан каналы құрылысын 1957 жылы толық аяқтау белгіленіп отыр. Бұл құрылыс Қазақстанның —бүкілхалықтық құрылысы болуға тиіс. Халық шаруашылығы үшін өте маңызды бұл шараны жүзеге асыруға белеңне қатысу —бүкіл республика еңбекшілерінің абройлы ісі.

Небәрі арада ұшақ жыл өтеді, міне совет адамдары тағы да бір табысқа жетеді. Бірақ уақыттан кейін сусыз шөлейт даланы ұзындығы 200 километрдей жасыл алқап кесіп өтеді, оның төңірегінде өмір гүлдей түседі.

И. ДЕНИСЕНКО,

«Назгипроводэлектро» институтының директоры.
(Социалистік Қазақстан» газетінен).

Бұрынғы жауынгерлер жаңа совхоздарда

Бұл күндері Петропавл қалалық комсомол комитетіне Совет Армиясы қатарындағы қызметтен қайтқан жастардан көптеп арыздар түседі. Олар бұл арыздарда облысымыздың жаңа астық совхоздарына жұмысқа баруға тілек білдіреді.

«Совет Армиясының қатарында қызмет етіп жүріп, біз Қазақстанның, Сибирьдің, Уралдың тың және тынайған жерлерін игеру жөнінде бұрын соңды болмаған көлемі, маңызы жағынан орасан зор жұмыстарды газеттерден оқып біліп отырдық.

Міне, біз армиядан қайта оралып, өзіміздің туған селомызға келдік. Біз Коммунистік партияның елімізде астық өндіруі оған әрі арттыруға бағытталған тарихи қарарларын ойдағыдай жүзеге асыруға тікелей қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысының бір жаңа совхозына баруға ұйғардық», — деп жазған комсомолецтер Алексей Брыков, Сергей Сериков, Василий Титов және Николай Чемцов.

ҚЛКЖО Петропавл қалалық комитеті облыстық ауыл шаруашылығы басқармасымен және совхоздар тәрізмен келісіп, бұрынғы жауынгерлерді жаңа совхоздарға жіберді. Қазір Преснов ауданы, Жамбыл атындағы совхозға 17 адам, Октябрь ауданындағы Тимирязев атындағы совхозға 19 адам барды. Олардың бәрі Чистов және Қызыл ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінің тракторшылар мен механик-комбайншылар дайындайтын курстарына оқуға түседі.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

Өз ісінің шебері

«Заря коммунизма» ауыл шаруашылығы артелінде (Октябрь ауданы) қоғамдық мал басы жыл сайын арта түседі. Мұнда, әсіресе мал өнімді қарамал тез өсіп келеді. Үстіміздегі жылы колхозда жаңадан бір сауын сыйыр фермасы ұйымдастырылды. Артельдің мал шаруашылығының өркендеуі жолында колхозшы Әбжан Омаров жолдас елеулі еңбек сіңіріп келеді.

Омаров жолдас осы колхозда ұзақ жылдар бойы мал бағу жұмысында істеп жүр. Ол қоғамдық малды орқашан зоотехникалық ережелерге сай тәртіптен бағады. Мал жайылымын кезектестіріп отыру ісіне мұқият бақылау жасайды. Осының нәтижесінде Омаров жолдасының қарауындағы мал үнемі қонды, семіз болады. Өткен жылы Омаров жолдас үлгілі еңбек еткені үшін колхоздан қосымша ақыға 5,5 центнер ет және жүздеген еңбеккүн алды.

Озат малшы үстіміздегі жылы да елеулі табыстарға ие болып отыр. Август айында ол өз қарауындағы 117 бас малдың тірідей салмағын июль айымен салыстырғанда 15 процент арттырды. Ал, сентябрь айында малдың тірідей салмағының өсімі 26 центнерге жетті.

Омаров жолдасының үлгілі еңбегін бағалаған колхоз басқармасы оны Бүкілхалықтық ауыл шаруашылығы көрмесіне жіберді.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

салмайды. Жошпылық пен аштықтың құшағында өскен оның ұлы Радж күн көрудің қамы үшін етік тазалаушы болып істегендіктен мектептен шығарылады. Жошпылықтың қысымымен Радж қымыс жолына түсету мәжбүр болады. Сөйтіп, ол жас басынан маманданған тонаушыға айналады. Бұл жолға түсету оны біржағынан жошпылық итерелесесе, екіншіден, тонаушы Жалғи де себепші болады. Өйткені, ол Рагунааттың баласын тонаушы етіп, оның өмір түсінігінің шіркіктігін дәлелдеуді, сөйтіп, одан кек алуды мақсат еткен еді.

Туған шешесінің және сүйген қызы Ританың көмегімен Радж адал еңбекті кәсіп етуге талпынады. Бірақ оның бұл талпынушылығы буржуазиялық тоғышарлардың тарапынан үнемі қарсылыққа кездесіп, сәтсіздікке ұшырайды. Мәселен, завода жұмысшы болып кірген оны завод несі бұрын тонаушы болғандығы үшін жұмыстан қуып шығарады. Ал, Рагунаат судья оның Ритаға деген кіршіксіз махаб-

Жаңа совхоздың байланыс бөлімшесі

Булаев совхозының Москва атындағы орталық көпесіндегі сырты ағартылып, өңтеліп шағын үйге адамдар үдіксіз келіп-кетіп жатады. Мұнда жаңа совхоздың байланыс бөлімшесі орналасқан. Оны басқарушы комсомолка Галина Королева хат-хабар, газет, журнал алуға келгендердің барлығын жылы шыраймен қарсы алып, мәдениетті қызмет көрсетеді.

Міне, терезе алдында ұзын бойлы, қараторы жігіт тұр. «Маған ақша жіберуге толтыратын бір бланк берші, Галя», — дейді ол. Михайл Горковенко ұқыпты толтырылған бланкті қайтадан ұсынғанда бөлімше бастығы күлімсіреп:

—Мың сом... Краснодарға... шешене ығар, Миша, ә? —деді күлімсірей сөйлеп. —Әрине шешеме.

Михайл Горковенко № 2 трактор бригадасында тракторшы болып істейді. Оның өнімді еңбегі жоғары бағаланады, ай сайын 2500-3000 сом жалақы алады. Горковенко жолдас ташқан табысын өзі пайдаланумен бірге, алыстағы Краснодар өлкесіндегі қарт анасын да естен шығармайды.

рухында, ал оның өңесі аяғының фотосындаған артистка Миокара жошпылық пен аштықтың құшағында, қорлықтың елгісінде жүрсе де ұлына деген махаббатын жоғалтпаған қайғылы ананың бейнесін жап-жақты жасаған.

Фильмдегі бай музыка оқыйға желісінің тамуымен үнемі ұштасып, үндесіп жатады. Бай мәдениетті ұлы халықтың музыка искусствосының қымбатты қазынасы бұл фильмнің көркемдік және идеялық қасиеттерін арттыра түскен. Мұны композитор Джайкшпанның творчестволық зор табысы деуіміз керек.

Оқыйғасы қызықты, идеялық мазмұны аса құнды «Қаңғырған адам» кинофильмі облысымыздың кинотеатр экрандарында зор табыспен өтіп жатыр. Жұршылық өмір шындығынан алынған бұл фильмді қызыға көруде. Мұның өзі бұл кинофильмнің Индияның жас кинематографиясының зор табысы екендігін көрсетеді.

**М. ЖУБАНОВА,
Н. ОМАРОВ.**

Жас патриоттардың ішінде Михайл Горковенко сияқтылар көптеп саналады. Байланыс бөлімшесінің бастығы Галина Королева осы жерден еліміздің түшкір-түшкірлеріне жіберілетін ақша операцияларын тез орындап, переводтарды қажетті жерге жылдам жіберуге тырысады.

Жаңа совхозға 150 дана орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттер, алуан түрлі журналдар келеді. Олардың ішінде «Правда», Комсомольская правда», «Сельское хозяйство», «Совхозная газета» газеттері, «Коммунист», «Орбонек», «Наука и знание», «Знание и сила», «Новый мир», тағы басқа журналдар бар. Жаңа қоныстанушыларға күн сайын 150-200 хат-хабарлар келеді.

Бұрын Москваның «Борец» зауытының алдыңғы қатарлы токарі болған комсомолка Галина Королева қазір жаңа мамандықты да ойдағыдай игеріп алды. Ол тыңдағы байланыс бөлімшесінің табысты жұмыс істеуін қамтамасыз етуде.

Х. РАХМЕТОВ.

Ембі мұнайшыларының еңбектегі табысы

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын лайықты қарсы алу үшін жарысып, Ембі мұнайшылары өндірістік зор табысқа ие болды. «Базахстаннефть» бірлестігі сұйық отын шығарудың тоғыз айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады.


Ембі кәсіпшіліктерінде озат технология, жаңа техника, жаңашылардың жұмыс тәжірибесі енгізілуде. Мұнай кең орындарын екінші рет пайдалану әдістерін қолдану кеңінен өріс алуда. Бұл —жерқойнауынан қосымша мыңдаған тонна мұнай шығаруға мүмкіндік беріп отыр. Ембінің көптеп келе жатқан Мақат кәсіпшілігінің мұнайшылары ойдағыдай жұмыс істеуде. Олар быйылғы жылы бірде-бір жаңа скважина алмағанына қарамастан көздің өзінде ноябрьдің есебіне жүздеген тонна жанармай шығарды. Мұнда бір тәулікке шығарылатын мұнайдың мөлшері жыл басынан бері 10 тонна арты.

Октябрь қарсаңындағы жарыстың инициаторы

Алматының ауыр машина жасау зауыты қара және түсті металлургия, көмір және кокс-химия өнеркәсібі үшін, электр станциялары мен жаңа құрылыстар үшін жабдықтар жасап шығарады. Совет Одағында «АЗТМ» маркасы қойылмаған машиналар мен механизмдер жұмыс істемейтін бірде-бір металлургия кәсіпорны жоқ. Завод соғыстан кейінгі жылдарда екі жүз түрлі машиналарды жасап шығаруды игерді. Ол скреперлік лебедкалардың өзіннен ғана екі жарым мыңын жасады. Завод елімізде бірінші болып сым жасайтын «6/350» жүзден аса стан беріліп отыр. Алматылық машина жасаушылар бұған қоса шлифовка-полировка жасайтын машиналар, фольгантер, листоукладчиктер және көптеген басқа өнім шығарады. Кәсіпорын Қытай Халық Республикасының металлургия өнеркәсібіне арнал сым жасайтын жабдықтар дайындайды. Жұмыста жаңадан бір құрметті заказ алынды:

Қытайдағы тұңғыш паровоз жасау зауытына арнал паровоз біліктерін жасауды игеру керек.

Бүкілхалықтық мейрам—Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алуға ұмтылып, Алматының ауыр машина жасау зауытының коллективі Алматы қаласының өнеркәсібі мен транспорттың және құрылыстарының барлық қызметкерлерін октябрь қарсаңындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырып, өзіне мынадай міндеттемелер алды: он айдың өндірістік тапсырмасы 10 октябрьге дейін орындалады, шойын, болат және поковка өндіру жоспарындағы 3 процент арттырылып, Қытай Халық Республикасының металлургия кәсіпорындарына арналған сым жасайтын жабдықтар белгіленген мерзімде дайындалуы қамтамасыз етіледі, еңбек өнімділігі жоспардағыдан екі процент, өнімнің өзіндік құны біржарым процент кемітіледі. (ҚазТАГ).



Жаңадан ұйымдастырылған Булаев астық совхозында телефон және телеграф бағаналары орнатылуда.
СУРЕТТЕ: Булаев астық совхозының орталық усадьбасы.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

РУМЫН-СОВЕТ ДОСТЫҒЫНЫҢ АЙЛЫҒЫ

БУХАРЕСТ, 7 октябрь. (СОТА). Бүгін Румынияда румын совет достығының дәстүрлі айлығы басталады.

Айлық кезінде елдің қалалары мен селоларында совет халқының коммунизм құрылысындағы табыстары туралы, ССРО-ның бейбітшілік пен халықаралық хауісіздік үшін тынбастан жүргізіп отырған күресі туралы, Совет Одағының Румын Халық Республикасына көмегі туралы лекциялар оқылады.

Айлық күндерінде Совет Одағына арналған көптеген көрмелер ашылады, еңбектің советтік озат әдістері баяндалады, спорт жарыстары, халық серуені өткізіледі.

Бүгін Бухаресттің барлық газеттері румын совет достығының айлығына басмақалаларын арнаған.

Совет Одағымен мызғымас достық, дел жазған «Скынтэя» газеті, румын халқы үшін оның ең қымбатты игіліктерінің бірі, оның барлық жеңістерінің шешуші шарты, отанды көркейтү жолындағы күресінің жеңілі болып табылады. Румын совет достығының айлығы мейрамдау румын халқының ұлы совет халқымен достығының бейнесі, румын халқының социализм орнатудағы тамаша советтік тәжірибені үйренуге ұмтылған талабының айғағы болып табылады.

ФРАНЦУЗ ГАЗЕТТЕРІ ГЕРМАН МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ СОВЕТ УСЫНЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

ПАРИЖ, 8 октябрь. (СОТА). Париждің көшегі меншік баспасөздері В. М. Молотовтың Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығын мейрамдауға байланысты сөйлеген сөзінде айтылған герман мәселесі жөніндегі совет ұсыныстарына кең түсініктер беруде. Бірқатар газеттер совет ұсынысының мақсаты Ұлттық жыйналыс пен Бонн бундестагындағы айтыстарға әсер ету және Франция мен Германияда жұртшылық пікірін «толықты» болып табыладымыс деп көрсетуге тырысуда. Бірақ, басқа газеттер совет ұсынысын назар сала зерттемей қабылдамай тастауға болмайды деп атап көрсетеді.

«Германияны қаруландыруды мақсатсыз ететін, келіссөз жүргізуден тоқтаусыз түрде бастарту, — деп жазады «Монд» газеті, — бейбітшілік мүддесіне қайшы келер еді».

«Франсуар» газеті былай деп жазады: герман мәселесі жөніндегі совет ұсынысы «төрт державаның Германияны біріктіру мәселесі жөніндегі келіссөздерін жүргізуді барған сайын табынды түрде талап етіп отырған Рейниң аржағындағы дауысты күшейту» мақсатын көздейді.

«Круа» газеті герман мәселесі жөніндегі совет ұсынысы «Лондон келісімінің нәтижесі болып табылатын қолдан жасалған тынышталу сезіміне толқу элементін» енгізді деп атап көрсетеді.

ЖАПОН КЕМЕЛЕРІ ҚЫТАЙ ЖАҒАЛАУЛАРЫНДА ШПИОНАЖДЫҚ ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛУДА

БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

НЬЮ-ЙОРК, 7 октябрь. (СОТА). Бас Ассамблеяның кеше таңертеңгі мәжілісінде болған жалпы дискуссияда Израиль мен Египеттің өкілдері шығып сөйледі.

Израильдің өкілі Эбан сөзінің негізгі бөлегін өз елінің араб елдерімен қатынастары туралы мәселеге арнады. «Палестина проблемасы» дейтінді реттеу мақсатымен Израильдің өкілі араб елдерімен бірқатар договорлар жасасуды, атап айтқанда, дауы шешу үшін қару жұмсмауға міндеттеме алып, бір-біріне тиіспеу туралы договор жасасуды ұсынды. Израильдің өкілі Англия-Египет келісімін жасасу «бұл ауданда теңдікті бұзуға» өкелін сөз тырады деген хауіп білдірді.

Египеттің өкілі Азми былай деп мәлімдеді: атом қуаты жөнінде халықаралық агенттік құру туралы АҚШ-тың ұсыныстары және Совет Одағының қарусыздандыру саласындағы ұсыныстары халықтарға даулы мәселелерді реттеуге және халықаралық жағдайды жақсартуға болады деген жаңа ұміттер беріп отыр. Египеттің өкілі өзінің сөзінде Израильді сынап атап айтқанда, Израильдің араб елдеріне көз қарасы Таяу Шығыста саяси жағдайды бұрыңғыдан да төрі шиеленістіре түседі деп мәлімдеді. Египеттің өкілі нашар өркендеген елдерге техникалық көмекті арттыруды, сонымен қатар төуелді халықтар өзін-өзі билеу правосын беруді жақтаған пікір айтты. Ол Марокко мен Тунис халықтарының төуелсіздікке ұмтылған талабын қанағаттандыру қажеттігіне ерекше тоқталды.

Күндізгі мәжілісте Индияның өкілі Менон шығып сөйледі.

Соңғы жылдың ішінде халықаралық қатынастардың сәл жақсарғаны туралы айта келіп, Менон бұл жөнінде Берлин және Женева кеңестерінің атқарған ролін атап көрсетті. Менон Азияның проблемаларына толық тоқталды. Соның өзінде ол көзіргі уақытта «жаңа Азия бар, бұл Азияда бірқатар тұтас елдер төуелсіз мемлекеттерге айналды» деп атап көрсетті. Бұл фактыны мойындау, яғни жаңа Азияның өмір сүріп отырған фактысын мойындау, деді Менон бұдан кейін, «көзіргі уақыттағы аса маңызды проблема болып табылады».

Индияның өкілі Индия мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қатынастар туралы мәселеге ерекше тоқталды. Екі ел, деп мәлімдеді ол, тұтықандық және достық қатынастар жолына түсіп, бейбітшілік ісіне зор үлес қосты. Менон Индия мен ҚХР арасындағы қатынастардың бір-бірін құрметтеуге, ішкі істеріне араласпауға және достық ынтымдаққа негізделіп отырғанын атап көрсетті.

Корей мәселесіне тоқтай келіп, Индияның өкілі Корейда қаңтөгісті қайта бастауға тырысын отырған лисынмандық топтың агрессиялық жоспарларына назар аударды. Ол Корейда бейбітшілікке жету үшін күш жұмсау қажет екенін атап көрсетті.

Менон бұдан кейін былай деп мәлімдеді: бірқатар елдерде ұлттық қозғалыстың

артып отырғаны «артта қалған халықтар жайындағы әңгімелерді тоқтатып», халықтардың праволарын тануға түбірлі шаралар қолданатын «уақыт жеткенін» көрсетеді. Индия, деді ол, барлық халықтардың қалай өркендеп отырған дәрежесіне қарамастан, олардың праволарын сөзсіз тануды жақтап отыр.

Индияның өкілі Манила кеңесін «Азия халықтарының өз дауларын өздері реттеуіне кедергі жасау» әрекеті деп сыйпаттады. Бұл кеңесте жасалған договор, деді ол бұдан кейін, бұл ауданда «қырғый-қабақтық соғыс» жағдайын тудырды және оны «өзін-өзі коллектив болып қолғау» шарасы деп қарауға тиісті де болмайды. Менон Манила договоры Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының суверенді праволарына және БҰҰ-ның Уставына қайшы келеді деп атап көрсетті.

Қытайдың БҰҰ-дағы өкілі туралы мәселеге тоқтай келіп, Менон егер осы сессияда Қытай үкметінің өкілі қатысқан болса, Азияның хауісіздігі мен БҰҰ-ның беделі күшейе түскен болар еді деді. Біздің, деп мәлімдеді Менон, Қытайдың қатысуынсыз нәтижелерге жете алмайтынмызды Женева дәлелден берді.

Қарусыздандыру туралы мәселеге тоқтай келіп, Индияның өкілі өз елінің атом қаруына сөзсіз тыйым салуды жақтап отырғанын мәлімдеді. Ол ұлы державалардың вето (тыйым салу) правосын сақтауды жақтаған пікір айтты. Ал Менонның айтуынша, бұл правосыз «БҰҰ-ның онан әрі өмір сүруі мүмкін емес».

Бүкіл дүние жүзін абыржытып отырған аса маңызды мәселелердің ішінде деп атап көрсетті Индияның делегаты бұдан кейін, герман проблемасы бірінші дәрежедегі проблема болып табылады. Германияның қай жолмен ілгері басатынын: өзінің бұрынғы соғыс мақсаттарын қайта тудыру жолымен немесе, бейбіт даму жолымен ілгері басатынын білу дүние жүзінің халықтары үшін өте маңызды. Герман проблемасын бейбітшілікпен реттеуге, деді ол, тек Германияны біріктіру арқылы ғана жетуге болады. Индия үкметі, деп мәлімдеді Менон, Германияның екі бөлегінің үкметтері арасында тікелей келіссөздер жүргізілуін ұсынуды қажет деп санайды. «Немістердің, — деді ол, — даулы мәселелерді шешу үшін өзара келіссөздер жүргізетін мүмкіндігі болуға тиіс».

Осымен Бас Ассамблеяның IX сессиясындағы жалпы дискуссия аяқталды.

Бұдан кейін, жауап қайтару правосын пайдалану деген сылтаумен Филиппины делегаты сөз алды. Айдап салынғаны айқын адам ретінде сөз сөйлеп, ол өзінің бүкіл сөзін Совет Одағының сыртқы саясатына қарсы және оның халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге ұмтылғанын ниетті талаптарына қарсы зулығдықпен жала жабуға арнады.

Бұдан кейін Бас Ассамблея Хауісіздік Советінің тұрақсыз үш мүшесін сайлауға кірісті. Колумбияның, Данияның және Ливанның орнына көпшілік дауыспен Бельгия, Иран және Перу сайланды.

МЕНОННЫҢ БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

НЬЮ-ЙОРК, 8 октябрь. (СОТА). 7 октябрьдегі баспасөз конференциясында Индияның БҰҰ-дағы өкілі Кришна Менон көптеген сурақтарға жауап беріп, Шығыс және Батыс Германия үкметтерінің арасында тікелей келіссөздерге шақырған өзінің шақыруына толық тоқталған, ол өзінің шақыруының ешқандай түсінікті жағай етпейтіндігін, оның тек қана келіссөз отырған түйікке тірелуден сәл табуға бағытталып отырғандығын атап көрсеткен.

Өзінің ұсынысы мен В. М. Молотовтың ұсынысы арасындағы байланыс жайындағы сураққа жауап бере келіп, Менон былай деген: ол 6 октябрь күні сөз сөйлеген кезде, Берлинде тағы да бір мәлімдеме болатындығын білген жоқ.

Тағы бір сураққа жауап бере келіп, Менон герман мәселесін шешу Австрия мәселесін шешуді тездеткен болар еді деп сенім білдірген.

Американ тілшісінің ол Оңтүстік-Шығыс Азия аудандарында «коммунистік хауіптің» барлығын мойындай ма деген аранда ұшылық сұрағына Менон былай деп жауап берген: Оңтүстік Азияға шын мәніндегі агрессия коммунистерден емес, гоминдандықтардан туып отыр».

Индия Бирма өкілінің атом және сутегі бомбаларын сынауды тоқтату керек деген ұсынысын қолдай ма деген сураққа жауап бере келіп, Менон бұл мәселе жөнінде Индия үкметі БҰҰ-ның қарусыздандыру (көніндегі Комиссиясына осындай ұсынысы бар хат жолдағандығын атап көрсетті. Менон оған қосымша былай деді: оның түсінігіне Құрама Штаттар бұл ұсынысқа қарсылық білдіруде.

БҰҰ-ға Қытай Халық Республикасының өкілдерін шақырудың кезекке қалдыруды күтпейтін мәселе екендігін атап көрсете келіп, Менон қарусыздандыру жөніндегі мәселе Қытай сыяқты маңызды соғыс державасының өкілі қатысқан жағдайда нақтылы нәтиже беретіндігін айтқан.

ССРО-ҒА БАРЫП ҚАЙТҚАН АҒЫЛШЫН ӘЙЕЛДЕРІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНДА БОЛҒАН БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ЛОНДОН, 5 октябрь. (СОТА). Совет Одағында болып қайтқан ағылшын әйелдерінің делегациясы 4 октябрьде Лондонда баспасөз конференциясын өткізді. Баспасөз өкілдерінің көптеген сурақтарына жауап бере келіп, делегация мүшелері өздерінің сапары жөнінде шын пейілді пікірлер айтты.

Делегацияның мүшелері баспасөзге арнаған мәлімдемелерінде Совет Одағында болған кезде оларға тілек білдірген нәрсенің бәрін қарап көруге мүмкіндік берілгенін атап көрсетті. Оларға әсіресе қалаларда жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының көлемі, сол сыяқты, Совет Одағындағы халық ағарту саласында қол жеткен едәуір табыстар өте зор әсер еткен.

ТҮРІК ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫ ПРОГРЕСШІ ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ЖАЗАЛАУДА

СТАМБУЛ 8 октябрь. (СОТА). Бүгін Стамбулдың барлық газеттері Түркияда

Қазақстан мен Орта Азия республикаларының спартакиадасы Жарыстың төртінші күні

ТАШКЕНТ, 7 октябрь. (ҚазТАГ-тың тілшісінен). Кеше Қазақстан жүзіншігері ерекше табысқа ие болды. 100 метрлік қашықтыққа шалқалап жүзуде алматылық Хасанова үздік озып шықты. Ол финшикке өз республикасының жаңа рекордтық уақыты — 1 минут 24,4 секундта келін жетті. Батторфлай әдісімен келесі жүзуде Хасанованың жерлесі Ешкенова тағы да рекордтық нәтиже көрсетті. 100 метрлік қашықтықта оның көрсеткен уақыты — 1 минут 31,6 секунд. Сол сыяқты Николаев пен Исакон та Қазақстанның жаңа рекордтарын жасады. Қазақстан спортшылары жоғары сапалы өрік күшін көрсетуде. Жарыстың шешуші күні олар жүзудің барлық түрінен де жеңуші болып шықты. Бұдан кейін Қазақстанның жүзіншігер командасына басқа коллективтер теңдесе алмайды.

Су полюсі ойынын да кезекті кездесу болып өтті. Қазақстандық ветерполистер Тәжікстан спортшыларымен ойнады. Қазақстандықтардың басымдылықтары шек келтірген жоқ. Жарыстың нәтижесі 18:0 болып солардың пайдасына аяқталды.

Біздің республиканың боксшылары тамаша жеңіске ие болды. Бұл жолы оларға қарсы тәжікбелі өзбекстандықтар шыққан болатын. Өздерінің жоғары шеберліктерін көрсете отыра, Мақсұт Омаров, Усенов, Рожков, Хасанов, Тычинин, Скролик, Либерман өз салмақ категориялары бойынша ринг үстінде жеңіске жетті. Тек жалғыз Макаревич қана жеңіліске ұшырады. Бұл кездесудің қорытындысы бокстан командалық бірінші орын алу үшін тағдырын шештек. Бірінші орын Қазақстан боксшылары коллективіне берілді.

Бұл республикалар палуандарының күресі басқаша жағдайда болды. Өзбекстандықтар айкасты жоғары спорттық дәрежеге өткізді. Тек Самсонов пен Иониди екеуі ғана өз командасына екі ұнай әсерді. Кездесудің жалпы нәтижесі 6:2 болып Өзбекстан палуандарының пайдасына шешілді.

Теннисшілер турнирі аяқталды. Командалық есепте өзбек спортшылары бірінші орында, екінші орында — қазақстандықтар. Бұл күндері Ташкентте еліміздің ең күшті теннисшілері қонақ болып жатыр. Олар Қазақстан және Орта Азия республикалар

ры спортшыларымен жолдастық кездесулер және бірігіп жаттығулар өткізуде.

Кеше гимнастикадан міндетті программа бойынша әйелдер арасында жарыстар болып өтті. Негізгі жеке-жеке бірінші орынға таласушылар спорт мастери Абдуллина (Қазақстан) мен Чувессова (Өзбек ССР-ы) арасында болды. Өзбек гимнастшысы Абдуллинадан 0,55 балл артық жыйнап отыр. Алда енді еркін программа бойынша жарыс өтпек.

Жеңіл атлетшілер кеше барьерлік жүргірістен бірінші орынды жеңіп алу үшін жарысты. Стартта әйелдер. Бастапқы кезде өзбек барьершісі Минина алға шықты. Алайда Қазақстан спортшысы Печениктің басымдылығы айқындала берді. Сөйтіп, 80 метрлік қашықтықтан 12 секундта жүгіріп өтіп, ол финшикке бірінші болып жетті.

Шахматшылар жарысы да одан әрі жалғастырылды. Қазақстан мен Тәжікстан командаларының кездесуі өте шиеленіскен жағдай тудырды. Бірінші тақтада ойнаушы спорт мастери Уфимцев өзінің ладьясын шеберлікпен бере отыра Гусевті (Тәжік ССР-ы) берілуге мәжбүр етті. Кездесудің жалпы қорытындысы 3:2 болып біздің республика командасының пайдасына шешілді. Қазақстандықтар осындай нәтижемен қырғыз шахматшыларын да ұтып шықты. Қазақ ССР спортшыларының Түрікменстан шахматшыларымен кездесуі сәтсіздеу болды. Кейінге қалдырылған үш партияда басымдылық әзірше Түрікменстан командасының жағында тұр.

Қала сыртындағы трассаларда мотоциклшілер жарысы болды. Қазақстандықтар жүретін жолды оңдап берттемелендіктен тиісті бағыттап шалғай кетіп, көптеген уақыттарын ұтқызып алды. Соның салдарынан олар тек төртінші орынға ғана шығып отыр.

Төрт күнді жарыстың қорытындысында жалпы командалық есеп бойынша Өзбек ССР-ының коллективі алда келеді. Қазақстан командасы екінші орында.

Спартакиадаға қатысушылар Ташкенттегі физкультура коллективтеріне барып тұрады. Қазақстандықтар — жеңіл атлетші Кадыйкин, боксшы Рожков, гимнастшы Большакиналар Ташкент тоқыма комбинатының спортшыларымен кездесіп, өздерінің жаттығу тәжірибелерін ортаға салды.

Совет штангышысы Бакир Фархутдинов — дүние жүзі чемпионы

ВЕНА, 8 октябрь. (СОТА) Кеше Венада штангыдан дүние жүзінде бірінші орын алу жарысы басталды. Жарыстың алғашқы күні 10 елдің жеңілдеу салмақты штангышылары жарысқа шықты.

Жарыстың басталуынан ақ дүние жүзі чемпионы деген атақты жеңіп алу үшін болған жеке-жеке күрес советтік жас спортшы Фархутдинов пен бұл салмақтағы дүние чемпионы болған, алдымен 315 килограмм көлемінде 1951 жылы

праммен бастады. Фархутдинов те бұл салмақты оңай көтерді. Бұдан кейін екі рет Намдыдің 127,5 килограмм салмақты көтеруге жасаған әрекетінен ештеңе шыққан жоқ.

Сонымен жеңілдеу салмақтылар бойынша дүние жүзі чемпионы атағын ССРО командасының өкілі Бакир Фархутдинов жеңіп алды. Ол көтерудің үш түрінен 315 килограмм көлемінде 1951 жылы

Шетел баспасөздері 9 державаның Лондон кеңесі туралы

агенттігінің хабарлағанындай, американдық өкмет орындары Жапон кемелерін Қытай жағалауларында шпионаждық үшін және жыйналған хабарларды Жапониядағы американдық әскерлері мен Чан Кайшидің бандарына беру үшін пайдалануда. Бұл жапонның жағалау күзеті Басқармасы мен байланысты топтардан мәлім болды.

Бұл топтардан Шығыс-Қытай теңізінде жүрген Басқарманың күзет кемелері американдық қызыл-шығыс флоты мен соғыс әуе күштері командованиесінің бақылау орындарының тапсырысын орындау үшін Қытай жағалауларына жақын жерде жүзуге тапсырма алғандығы мәлім болды.

Кемелер жыйнаған мәліметтерді тоқтаусыз түрде жағалау күзеті Басқармасы штабындағы американдық соғыс әуе күштері командованиесіне беріледі. Усталған шифрлі хабарлар Жапонияға жіберіледі және Қызыл-Шығыстағы американдық соғыс-теңіз флотының командованиесіне тапсырылады. Американдық өкмет орындары мұның есебіне, Чан Кайши тобын бұл хабарлармен жабықтайды.

ГОМИНДАНДЫҚТАРДЫҢ ИНДОНЕЗИЯДАҒЫ БҮЛДІРУШІЛІК ӘРЕКЕТТЕРІ

ДЖАКАРТА, 8 октябрь. (СОТА). Индонезия газеттері бүгін гоминдандық агенттердің Индонезиядағы бүлдірушілік әрекеттері туралы хабарлайды. «Хариан ракыят» газеті былай деп атап көрсетеді: гоминдандық агенттердің «Састроамиджойо үкметін құлатуды мақсат етіп отырған» оппозициямен тығыз байланысы бар. «Олар өздерінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін ұйымдарды террорға ұшыратуда». «Хариан ракыят» газеті Джакартадағы гоминдандық ұйымның басшыларын тұтқындау бүкіл елде қанағаттанғандықпен қарсы алынғандығын көрсетеді. «Бинтанг тимур» газеті былай деп жазады: Гоминдандық агенттер мен оның бірқатар индонезиялық достарының әрекеттерінің АҚШ пен тікелей байланысы бар. «Олар Индонезияның АҚШ-тың жағына шығып Тайванда өмір сүріп отырған режимді тануына жету үшін Састроамиджойоның үкмет кабинетін басқа кабинетпен ауыстыруға тырысады», — деп жазады газет.

Бұдан әрі газеттер былай деп хабарлайды: Индонезия халқы үкметтің гоминдандықтарды тұтқындау жөніндегі шараларын мақұлдайды.

ИРАН ГАЗЕТТЕРІ АРАНДАТУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН ӘЛІ ЖҮРГІЗУДЕ

СТАМБУЛ, 5 октябрь. (СОТА). Иранның көптеген газеттері мен журналдары Совет Одағы жөніндегі дұшпандық хабарларды әлі жариялауда. Мысалы, «Таракки» журналы Совет Одағының бейбітшілік саясатына сенбеушілік туғызуға тырысып, ССРО-ның «Ирандағы коммунистік төңкерісті» әзірлеуге қатысқаны туралы өтірікті ойлап шығарып отыр. Бірсыпыра газеттер Иран армиясының офицерлері мен мұнай туралы келісімге қарсы шыққандардың жаппай тұтқынға алынуына байланысты антисоветтік науқанды тағы да күшейтті.

МОНТЕВИДЕО, 6 октябрь. (СОТА). Уругвай және Бразилия баспасөздері 9 державаның Лондон кеңесінің қорытындысына арналған түсініктерді жариялауда. Газеттер Лондон кеңесінің қарары күйреуге ұшыраған «Европалық қорғаныс бірлестігі» басқа атпен қайтадан қалпына келтіру екенін атап көрсетуде. «Эль диа» газеті «Жаңа европалық қорғаныс ынтымағы» деген мақаласында былай деп жазады: кеңес «Француз Ұлттық жыйналысы қабылдамай тастаған европалық қорғаныс бірлестігінің негізгі принциптерінің көпшілігін сақтап қала алды». «Эль диа» бірақ, жеңісті мерекелеуге әлі ерте, деп мәлімдейді.

БРЮССЕЛЬ, 6 октябрь. (СОТА). Бельгияның прогресшіл жұртшылығы 9 елдің Лондон кеңесі қарарларын герман милитаризмін қайта тудыру және жаңа соғыстарды қайталауға қарсы.

ГИТЛЕРШІЛ ГЕНЕРАЛДАР—ҚАЙТА ТУДЫРЫЛҒАН ВЕРМАХТЫҢ БАСШЫЛЫҒЫНДА

ПАРИЖ, 6 октябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Боннан былай деп хабарлайды: Франкфурттегі Майнеде шығатын «Абендпост» газеті соғыс кезінде африкалық корпусстың команданысы Фельдмаршал Роммельді ауыстырған бұрынғы герман армиясының генералы Людвиг Крювельдің жаңа герман қарулы күштерінің бас команданысы болатындығын хабарлайды. Газеттің бір беті бойынша ірі әріптермен жазылған «Жаңа герман армиясының басшылары» деген мақалада газет былай деп жазады: вермахт бас командованиесі операциялық бөлімінің бұрынғы бастығы генерал Адольф Хойзингер Крювель штабының бастығы болады. Газет онан әрі бұрынғы герман генералы, «европалық қорғаныс бірлестігі» уақытша комитетінде герман делегациясын басқарған Шпейдель Брюссель договоры ұйымындағы герман делегациясының басшысы болып тағайындалады, деп хабарлайды.

«Абендпост» газетінің хабарлағанындай, қызметтер төмендегідей болып бөлінеді: федералдық үкметтің хауіспіздік мәселесі жөніндегі көзiргi өкiлi Теодер Бланк соғыс министрлігін басқарады; бұрынғы полковник Курт Фетт соғыс жоспары (комиссиясының басшысы болады); вермахт контрразведкасы «шығыс» бөлімінің бұрынғы бастығы генерал Гелен жаңа герман армиясы контрразведкасының бастығы болады.

ФРАНЦИЯ ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ

ПАРИЖ, 8 октябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі былай деп хабарлайты. 1954 жылы майда жүргізілген халық санағын алудың алдын ала берілген мәліметтеріне қарағанда Францияның халқы (отарларды есептемегенде) 42 миллион 774 мың адам болған.

ты тұтандыру жолындағы жаңа адым деп айыптауда.

«Драпо руж» газеті Лондон кеңесінің қорытындыларын өзінің «Бейбітшілікке хауіп» деген басмақаласында түсіндіре келіп, былай деп жазады: европалық қорғаныс бірлестігін өте мәте жақтаушылардың 9 ел келісімін қанағаттанғандықпен қарсы алуы Лондон кеңесінің нәтижесі халықтар үшін күрделі хауіп болып табылатындығын айқын көрсетеді...

Лондонда сөз бейбітшілік туралы мүлде болған жоқ. Сөз вермахты қайта тудыру үшін Европаны екі блокқа бөлуге рұқсат беру және Шығыспен қатынастағы кедергіні онан әрі күшейту жөнінде болды.

Бұған қарама-қарсы Женеваның үлгісі келіссөздер күш жұмсау жолымен емес, өзара ерік білдіру жолымен табысқа жететіндігін жақсы көрсетті.

және «марксистік-лениндік режимді орнатуға бағытталған әрекеттері» үшін айыпталған 184 адамға жасалған сот процесстерінің аяқталғандығы туралы хабарлайды.

131 айыпталушы бір жылдан он жылға дейін түрмеде отыру және одан соң жалпы байқаудың негізінде мәжбүрлі түрде жер аудару жазасына кесілген. Сот соғыс трибуналында жасырын түрде өткен.

ЕКІ ОҢТҮСТІК КОРЕЯЛЫҚ ҰШҚЫШТЫҢ КХДР ЖАҒЫНА ҰШЫП ШЫҒУЫ ПХЕНЬЯН, 8 октябрь. (СОТА).

Кореяның Орталық телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Оңтүстік Корея соғыс әуе күштерінің лейтенанттары Хан Сан Ок пен Пак Тэ Кван КХДР жағына ұшып өткен. Ұшқыштар былай деп мәлімдеген: олар Кореяда соғыс өртін қайтадан тұтандыруға тырысып отырған диссиденттік топтардың халыққа қарсы араңдатушылық әрекеттеріне ашынған, сондықтан, КХДР жағына өтуге шешімге келген және елді бейбіт жаппай бұзғыншылық үшін баянды түрде жүресуге бел байлаған.

чемпионы атағын бірнеше рет жеңіп алған Ираноел Намдьюдің арасында болды.

Қызыл көтерудің алғашқы қыймылында Фархутдинов 100 килограмм салмақты көтерді. Намдьюдің көрсеткіші 92,5 килограмм.

Жұлқып көтеруде әріптестердің әкеуі де 95 килограмнан бірдей нәтиже көрсетті.

Үшінші қыймылды—толғап көтеруді орындауды ирандық спортшы 120 кило

Намдью жасаған дүниежүзілік рекордтан асырып тұсырды. Екінші орында—Намдью (Иран), оның көрсеткіші 307,5 килограмм. Үшінші орында—Мирзахи (Иран), мұның көрсеткіші 302,5 килограмм.

Кездесуді көрушілердің ду қол шапалақтауымен Бакир Фархутдиновқа дүние жүзі чемпионының Алтын медалі тапсырылды. Намдью Күміс медаль және Мирзахи Қола медаль алды.

Фархутдинов сонымен бірге Европа чемпионының Алтын медалін де алды.

Совет баскетболшыларының Египеттегі табысы

КАИР, 8 октябрь. (СОТА). Кеше Каирде Совет Одағы мен Египет баскетболшыларының арасында есеп бойынша, төртінші кезекті жолдастық кездесу болды. Тбилисидің «Динамо» баскетболшылары Египеттің бірінші құрама командасымен тағы бір ойын өткізді. Совет баскетболшылары 59:43 есебімен кездесуді аяқтап, тағы да бір жеңіске ие болды.

Ойынды көрушілер совет спортшыларына қызу құттықтады. Ойынды көруге Египет премьер-министрінің орынбаса-

ры Гамаи Салем және басқа да Египеттің көрнекті өкілдері, сол сияқты дипломатиялық корпусстың мүшелері келді.

9 октябрьде Тбилиси «Динамо» баскетболшылары Египеттің бірінші құрама командасымен тағы да бір ойын өткізеді. Бұл ойын Порт-Сайде өткізілмек.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

Жолдас!
Сен,
ЛЕНИН ТУЫ
газетіне жазылдың ба?

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

1 айға — 4 сол 35т.
3 айға — 13 сол 05т.
6 айға — 26 сол 10т.
1 жылға — 52 сол 20т.

Бір жылға тұтынас жазылмаса!

Кинолардас

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында
«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»
(Бірінші сериясы)
Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

«УДАРНИК» кинотеатрында
«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»
(Екінші сериясы)
Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

Түпкілікті жұмысқа тез арада көчегарлар,* көмір тасушылар, түрлі жұмысшылар, химик-лаборанттар КЕРЕК.
Адрес: Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 176-үй.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Динамо» Советі жанынан көркемсурет мастерскойы ашылды. Барлық ұйымдар мен мекемелерден заказдар қабылданады.

Радиоландыру жөніндегі құрылыс-монтаж басқармасына түпкілікті жұмысқа құрылысшы-техник, радиотехник, электр-радио-монтерлер, тас қалаушылар, жұмысшылар керек.
Адрес: П-павл қаласы, Ленин көшесі, 22-үй.

Петропавл қаласы, Киров көшесі, 48-үйде тұрушы Александр Михайлович Николаев Омск қаласы, Речная көшесі, 2-үйде тұрушы Вера Ульяновна Николаевадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, 2-Кузнецкий переулок, 7-үйде тұрушы Николай Антипович Морозов Омск облысы, Марьянов ауданы, Усовка селосында тұрушы Раиса Сергеевна Морозовадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Омск облысындағы Марьянов аудандық халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Володаров көшесі, 13-жол өткелінде тұрушы Ульяна Федоровна Черник Оңтүстік Сахалинде, Холдин қаласында тұрушы Владимир Ананьевич Черниктен айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 5-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Холодильник көшесі, 130-үйде, 5-пәтерде тұрушы Таисия Кузминична Пятилетова Петропавл қаласы, Буденный көшесі, 106-үйде тұрушы Степан Гурьянович Пятилетовтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УЩ 02678. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі. Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.